



АҚОРДА



КИБЕРҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтарға арналған цифрлық ортаны қорғау мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Мемлекет басшысы жуырдағы Жолдауында Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыруды көздейтін міндет жүктегенін айтты. Бұл үшін кешенді шара қабылдау, соның ішінде киберқауіпсіздік саласында да ауқымды жұмыс атқару қажет.

Жиын барысында қазіргі заманғы киберқауіпсіздіктер мен оған қарсы іс-қимыл әдістері, аса маңызды ақпараттық инфрақұрылымды қорғау, киберқауіпсіздік индустриясын дамыту және кадр даярлау жүйесін жетілдіру мәселелері талқыланды. Кеңесте Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев пен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев баяндама жасады.

Президент киберқылмыспен, соның ішінде кибералайықпен күрестің маңызына тоқталды. Сонымен қатар киберқылмыстарды тергеуге қатысатын мемлекеттік органдардың құзыретін арттыру шараларына баса назар аударды. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың жеке деректерін қорғауды және дербес мәліметтерді таратқаны үшін берілетін жазаны күшейтуді басты міндет ретінде атады. Сондай-ақ киберортадағы қауіпсіздік пен жауапты әрекет қағидаттарын халыққа кеңінен түсіндіріп, алдын алу жұмыстарын күшейту қажет.

Отырыс соңында Мемлекет басшысы стратегиялық тәуекелдерді азайтып, киберқауіпсіздік мәселелерін жүйелі түрде шешу мақсатында бірқатар шара қабылдауды тапсырды.



ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ТАТУЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне қатысу үшін Астанаға арнайы келген Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы шейх Мұхаммед бен Абдулкарим Әл-Исамен кездесті.

Президент еліміздің діндер арасындағы диалогты дамыту бастамасына ұдайы қолдау көрсетіп, бейбітшілік пен келісім идеяларын насихаттауға елеулі үлес қосып келе жатқан ұйым басшысына ризашылығын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан ішкі және сыртқы саясатта дінаралық, сондай-ақ мәдениетаралық келісімді сақтауға ерекше мән береді. Президент 22 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылатын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі осының айқын көрінісі екенін атап өтті. Сонымен қатар ортақ күш-жігердің арқасында Қазақстанның бастамасы жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға зор ықпал ететінін айтты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстан мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы ынтымақтастық одан әрі нығайтуға түсетініне сенім білдірді.

Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы Астанадағы дәстүрлі съезді адамгершілік құндылықтарын дәріптейтін ерекше пікір алмасу алаңы ретінде жоғары бағалап, еліміздің өсіп-өркендей беруіне тілектес екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы әлемдегі конфессияаралық келісімді нығайтуға және ислам өркениетін кеңінен танытуға қосқан елеулі үлесі үшін Мұхаммед бен Абдулкарим Әл-Исаны I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



ПРЕЗИДЕНТ БОКСШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Санжар Тәшкенбай мен Махмұд Сабырханды бокстан Әлем чемпионы атануымен, сондай-ақ Назым Қызайбайды күміс жұлде, Виктория Графеева мен Елдана Тәліпованы қола жұлде иеленуімен құттықтады.

«Ливерпульде өткен бокстан Әлем чемпионатында ұлттық құраманың жеңіс жолын Алуа Балқыбекова, Аида Әбікеева, Төрехан Сабырхан, Наталья Богданова, Айбек Оралбай жалғастырды.

Қазақ боксшылары әлем біріншілігінде керемет нәтиже көрсетті. Әйтсе де, алдымызда АҚШ-та өтетін Олимпиада ойындары күтіп тұр. Соған қазірден бастап дайындалу қажет. Қазақ бокс мектебінің мерейі әрдайым үстем болсын!» — деп жазды Президент Instagram парақшасында.

ЖОЛДАУ – 2025

СИРЕК БОЛСА ДА, САЛМАҒЫ БАСЫМ



Тау-кен индустриясы ел экономикасының бір тірегі екені жиі айтылады. Соңғы кезде әлемдік нарықта да жаңа тенденцияның дендеп келе жатқанын көреміз. Өйткені биржаларда көмірсутек шикізатымен қатар, сирек кездесетін металдарға деген сұраныс көлемі ұлғайып келе жатқаны байқалады. Басты себепші – жасыл энергетикаға құйылған инвестициялар, электр көліктері мен баламалы энергия көздері мен тұрмыстық электрониканың жаппай таралуы. Бұл Мемлекет басшысының да назарынан тыс қалған жоқ. Жақында Қазақстан халқына Жолдауында Президент атап өткен маңызды дүниелердің қатарында тау-кен металлургиясының әлеуетін тиімді пайдалану мәселесі де сөз болды.

ДОДА

ЖАРҚЫРАҒАН ЖЕТІ АЛТЫН



4-14 қыркүйек аралығында Англияның Ливерпуль қаласында бокстан Әлем чемпионы өтті. Бұл – World Boxing ұйымы өткізген алғашқы біріншілік. Байрақты бәсекеде ел құрамасы жеті алтын, бір күміс, екі қола медаль еншіледі. Ерлер арасынан 20 жылдан соң Сәпиевтің жолын жалғап, екі дүркін әлем чемпионы атанғандар бар. Бір үйден екі бірдей чемпион шығып, Англия аспанында қазақтың әнұранын бірнеше рет қалықтатқан жарыс болды.

16 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ



РУХАНИ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТҚАН КЕЗДЕСУ

Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көш-басшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне қатысу үшін Қазақстанға келген Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы шейх Мұхаммед Абдулкарим Әл-Исамен кездесті.

Мәулен Әшімбаев Мұхаммед Абдулкарим Әл-Исаға ілтипат білдіріп, Лиганың толеранттылық, өзара құрмет және дінаралық келісім идеяларын дәріптеу жолындағы қызметіне, сондай-ақ, ұзақ жылдар бойы съездің мақсаттарына қол жеткізуге қосып келе жатқан үлесіне жоғары баға берді. Палата Спикері ДИЛ Бас хатшысы бастамашы болған Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынасты нығайтуды көздейтін Building Bridges between East and West халықаралық платформасының маңызына назар аударып, оны іске асыруға қолдау білдірді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықаралық қауіпсіздіктің берік жүйесін қалыптастыру мәселелеріне үнемі баса мән беріп келеді. Осыған байланысты біз үшін Дүниежүзілік ислам лигасымен өзара іс-қимылды арттыру айрықша маңызға ие. Біздің байланыстарымыз соңғы жылдары айтарлықтай жандана түсті. Қазіргі таңда Дүниежүзілік ислам лигасы мұсылман қауымының ынтымағын нығайту, ортақ рухани құндылықтарды насихаттау және білім беру бағыттарында ауқымды жұмыс атқарып келеді. Алдағы уақытта Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Дүниежүзілік ислам лигасы арасындағы ынтымақтастық нығая түседі деп үміттенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы мәр-

тебелі мейманға съезге шақыруды қабыл алғаны үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ол Дүниежүзілік ислам лигасы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің мақсаттары, миссиясы және басым бағыттары ортақ әрі ұқсас екеніне назар аударды. Сұхбат кезінде дінге, нәсілге және сенімге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін айыптайтын Мекке декларациясының маңызына да ерекше мән берілді. Құжат әлемді төзбеушілік пен жеккөрушілікке қарсы бірлесіп әрекет етуге үндейді.

Кездесу барысында тараптар қазіргі өзекті сын-қатерлерді талқылап, оларды еңсеру және басқа да бағыттар бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайту жөнінде өз ұсыныстарын білдірді. Нақты айтқанда, ғылым, білім беру, цифрландыру және өзге де маңызды салаларда байланысты кеңейтуге қатысты қолданыстағы, сондай-ақ алдағы бірлескен жобалар туралы сөз болды.

Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы шейх Мұхаммед Абдулкарим Әл-Иса съезд Хатшылығының басшысына шақыру үшін алғысын жеткізді. Сондай-ақ ол халықаралық қауымдастық үшін мұндай Форум өткізудің аса маңызды және қазіргі ортақ проблемаларды еңсеру жолында күш біріктірудің берері мол екенін айтты.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН ДРОНДАР ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, жыл сайын Қазақстанда 2 мыңнан астам адам жол апатынан қаза тауып, 20 мыңнан астамы жарақат алады. Ең басты себеп – жолдағы тәртіптің сақталмауы.



— Жол-көлік оқиғаларының 90%-ы жүргізушілердің кінәсінен болады. Полиция жыл сайын 13 миллион жол ережесін бұзу фактісінің алдын алады, — делінген хабарламада.

Жыл басынан бері мас күйінде көлік жүргізген 16,6 мың жүргізуші ұсталған. Жол қауіпсіздігін арттыру үшін Ішкі істер министрлігі патрульдеу бағыттарын күшейтіп, жедел-алдын алу шараларын және тексеру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бүгіннен бастап «Қауіпсіз жол» жедел-алдын алу іс-шарасы басталды.

Сонымен бірге, дрондар арқылы жол қозғалысы қадағалана бастаған. Дрондар 3,6 мың жол ережесін бұзу дерегін тіркеген, оның ішінде 1 мыңы — қарсы жолаққа шығу, 300-і — қауіпті басып озу фактілері.

Автоматтандырылған камералар желісі де арту-да. Қазір олардың саны 25 мыңға жеткен. Патруль-

дік автокөліктерге радарлар орнатылып, жасырын патрульдеу әдісі қолданылып жатыр.

Республикалық трассаларда орташа жылдамдықты бақылау жүйесі енгізілді: жалпы ұзындығы 1900 шақырым болатын 8 жол қамтылған. Министрлік дерегінше, осы трассаларда қаза болғандар саны 11% азайған.

Жол ережесін қасақана бұзушылармен күрес мақсатында барлық цифрлық шешім мен бақылау камералары «ТОР» платформасына біріктірілді. Бұл жүйе көліктердің қозғалысын бақылауға, маркасы, моделі және түсі бойынша іздеуде жүрген автокөліктерді анықтауға, агрессивті жүргізу фактілерін тіркеуге және көлікті үздіксіз 8 сағат айдаған жүргізушілерді қадағалауға мүмкіндік береді.

Бұл бағыттағы жұмыстар күшейе түсуі мүмкін, себебі кейінгі күндері ел аумағында жол апатынан 25 адам қаза тапқан.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ТӨТЕНШЕ АРАБ-ИСЛАМ САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Қатар астанасы Дохада өткен төтенше Араб-Ислам саммитіне қатысты. Алқалы жиында палата төрағасы сөз сөйлеп, халықаралық қақтығыстарды реттеу бойынша мемлекетіміздің ұстанымдарын ортаға салды.



Саммит барысында Ерлан Қошанов Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен жеке кездесіп, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шынайы сәлемі мен ізгі тілектерін жеткізді.

Қатар Әмірі Израиль билігі жасаған әскери әрекетке қатысты Қазақстанның ұстанымын жоғары бағалап, ризашылығын білдірді.

— Қазақстанның бұл әрекетті алғашқы болып айыптап, Қатарға қолдау білдіргенін жақсы білемін. Сол үшін алғысымыз зор. Қазақстан Президентімен ерекше бауырлық, достық қарым-қатынасымыз бар. Соны мен мақтан тұтамын. Бүгінгі саммитте қазақ делегациясының осындай жоғары деңгейде қатысқаны біз үшін өте маңызды, — деді Қатар Әмірі.

Саммит отырысында сөз сөйлеген Мәжіліс Төрағасы қазіргі таңда Таяу Шығыс аймағы үлкен геосаяси қиындықтарға тап болғанын айтып, бүгінгі саммит халықаралық ахуалдың күрт нашарлауымен байланысты екеніне назар аударды.

— Қазақстан Израильдің Қатар мемлекеті аумағындағы әскери іс-әрекетін қатаң айыптайды. Бұл ұстанымды Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алғашқы болып мәлімдеп, Қатар мемлекетіне табанды қолдауын білдірді. Жасалған шабуыл қандай мақсатты көздесе де, мұндай әрекеттерге жол берілмеуге тиіс. Бұл Қатар Мемлекетінің егемендік құқығын бұзады және халықаралық құқық қағидаттарына қайшы келеді. Осындай шабуыл мемлекеттің қауіпсіздігіне ғана емес, халықаралық тәртіптің негізін басышыққа алатын мемлекеттердің теңдігі мен егемендігіне де нұқсан келтіреді, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері Қатардың өз бітімгершілік саясаты арқасында жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге орасан үлес қосып келетінін атап өтіп, халықаралық қақтығыстар мен жанжалдарды реттеу мәселесі бойынша Қазақстанның ұстанымдарын ортаға салды.

— Кез келген дағдарыс Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен халықаралық құқық нормалары негізінде бейбіт диалог арқылы шешілуі керек. Қазақстан Президенті қақтығыстарды шешуде осы қағидаларды толыққанды қолдануға, олардың мызғымастығын қамтамасыз етуге шақырып келеді. Әскери күш қолдану тек зорлық-зомбылықтың жана толқынын туғызады, бейкүнә жандардың қазасына әкеп соқтырады, — деді Ерлан Қошанов.

Осы орайда Мәжіліс Төрағасы Газада болып жатқан қайғылы оқиғаларға да тоқталып өтті.

Қазақстан Президенті әуел бастан Газа секторындағы әскери әрекеттерді дереу тоқтатуға және оның тұрғындарына гуманитарлық көмек көрсетуге тұрақты түрде шақырып келеді. Еліміз Газаға қаржылай және материалдық көмек көрсетуде.

Бұл үрдіс биыл қаңтар айында штаб-пәтері Астанада орналасқан Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы арқылы да жалғасты. Осы тұрғыда Ерлан Қошанов Палестина халқына гуманитарлық көмекті арттыру үшін ислам елдерін аталған ұйымның әлеуетін пайдаланудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен бірге, саммит алаңдарында Мәжіліс Спикері Қатар мемлекетінің Премьер-министрі — Сыртқы істер министрі шейх Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Тәнимен пікір алмасып, екі ел арасындағы ынтымақтастықты жоғары бағалады.

ЕЛІМІЗДЕ 11,6 МЛН ТОННА АСТЫҚ ЖИНАЛЫП ҮЛГЕРДІ

Қазақстан өңірлерінде егін жинау науқаны жалғасып жатыр. Астық және дәнді-бұршақты дақылдардың егіс алқабы 16 млн гектардан асады. Қыркүйектің орта тұсына дейін 7,8 млн гектар немесе жалпы көлемнің 48,3 пайызы жиналып, нәтижесінде 11,6 млн тонна астық бастырылды.

— Дәнді дақылдардан бөлек, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 293 мың тонна майлы дақыл, гектарына 234 центнер өнімділікпен 1,2 млн тонна картоп және гектарына 288,8 цент-

нер өнімділікпен 2,4 млн тоннадан астам көкөніс жинады, — деп мәлімдеді Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Әзірге гектарына 357,4 центнер өнімділікпен 385 мың тоннадан астам қырыққабат, гектарына 422,7 центнер өнімділікпен 637 мың тонна пияз және гектарына 294,4 центнер өнімділікпен 187,2 мың тонна сәбіз жиналған.



БАУЫРЛАСТАРДЫҢ БІРЛІГІ БЕКЕМ



Астанада «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек АҚ Partі төрағасының орынбасары, Халықаралық департамент жетекшісі Зафер Сыракаяммен және АҚ Partі төрағасының орынбасары, Түркі мемлекеттерімен байланыс департаментінің жетекшісі Кюршад Зорлумен кездесті. Кездесу барысында тараптар ынтымақтастық туралы жаңа меморандумға қол қойды.

Меморандум партияаралық байланыстарды нығайтуға, мемлекеттердің достық және тату көршілік қатынастарына атсалысуға, сондай-ақ екі партия арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті кеңейтуге бағытталған. Құжат партия делегацияларының алмасуын жандандыруды көздейді. Сондай-ақ ол өзекті екіжақты мәселелер туралы және халықаралық күн тәртібі бойынша ақпарат пен тәжірибе алмасуға бағытталған.

Қол қою рәсімі барысында Дәулет Кәрібек түрік әріптестерін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған негізгі міндеттер туралы хабардар етті. Яғни, еліміздің цифрлық

трансформация мен жасанды интеллекттің жаңа дәуіріне көшуі, заманауи инфрақұрылымды қалыптастыру, адами капиталды дамыту және инновациялық жобаларды қолдау мәселелеріне назар аударылды. Ол «AMANAT» партиясы аталған реформалардың қоғамдық тірегі саналатынын және оларды еліміздің барлық өңірінде жүзеге асыруды көздейтінін атап өтті.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Қазақстанның Тәуелсіздігін мойындаған тұңғыш мемлекет Түркия екенін еске салды. Кейінгі жылдары екі мемлекеттің ынтымақтас­тығы нығайып, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанның

өзара сенімге негізделген қарым-қатынасы арқылы кеңейтілген стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді.

Кездесуде партияаралық байланыстарды дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды. Тараптар диалог орнатуға, тәжірибе алмасуға және ортақ бастамаларды ілгерілетуге қажет жаңа мүмкіндіктер аша отырып, партия дипломатиясы халықаралық қатынастардың маңызды құрамдас бөлігіне айналып жатқанын атап өтті. Осы орайда «AMANAT» пен АҚ Partі арасындағы ынтымақтастық туралы жаңа меморандумға қол қойыл­уы — ерекше маңызға ие.

Өз кезегінде, АҚ Partі төрағасының орынбасары, Халықаралық департамент жетекшісі Зафер Сыракаям «AMANAT» партиясы Қазақстанның саяси өмірінде жоғары рөл атқаратынын атап өтіп, ынтымақтастықты кеңейту жолында жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді. Ол АҚ Partі делегациясының Қазақстанға сапары жоғары деңгейдегі екіжақты диалогтің лайықты жалғасы екенін атап өтті. Ол жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға жасаған сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтар әріптестік байланыстарды кеңейтудің берік негізі екенін және бұл жүйеде екі мемлекеттің жетекші партиялары арасындағы тікелей байланыстар маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Ал АҚ Partі төрағасының орынбасары, Түркі мемлекеттерімен байланыс департаментінің жетекшісі Кюршад Зорлу Қазақстан мен Түркияның саяси және мәдени-гуманитарлық бағыттағы стратегиялық серіктестігі тарихи негізге ие екеніне назар аударды. Мұны экономикалық көрсеткіштер де растайды. Былтыр екіжақты тауар айналымының көлемі 5 млрд АҚШ долларын құрады. Ол қол қойылған жаңа меморандум қазақ-түрік диалогінің дамуына серпін беретінін атап өтті.

Елнар ЕЛТАЙ

ҒЫЛЫМ МЕН ИННОВАЦИЯ АУЫЛДЫ ӨРКЕНДЕТЕДІ

8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Жолдауда Президент ел дамуының негізгі бағыттарын қозғады. Инвестициялық саясат және қаржы секторын дамыту, өнеркәсіптік қанжаны нығайту (өңдеу және тау-кен өнеркәсібі), ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа серпіні, көлік-логистикалық және туристік әлеуетті іске асыру, ТКШ және су инфрақұрылымын жаңғырту, кәсіпкерлік экономиканы дамытудың қозғаушы күші ретінде, адами капиталды дамыту — бәрі де басты назарда болады.

Агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға ерекше назар аударды. Ауыл шаруашылығында өнім өндіруден бастап, оны өңдеп, толық өндірістік циклды жүзеге асыратын қолданыстағы агрохолдингтердің тәжірибесін таратуды тапсырды. Әр өңірде дайын өнім өндіруден бастап оны дүкен сөрелеріне жеткізуге дейінгі бірыңғай тізбектер құрылуы керек. Мұнда инновациялар мен ғылыми әзірлемелерді белсенді түрде тарту маңызды.

Жердің стратегиялық ресурс ретіндегі маңызы зор екенін атап өтті. 2026 жылдың ортасына дейін қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлері тұрақты айналымға тартуды қамтамасыз ету тапсырылды. Биыл жыл соңына дейін ауыл шаруашылығы жерлерін беру тетігі өзгертіліп, шешімдер электрондық конкурстар негізінде цифрлық форматта қабылданатын болады. Ауыл шаруашылығы жерлерінің спутниктік мониторингінің тиімділігі жердің сапасын, өнімділігін, жай-күйін және ауыл шаруашылығы дақылдарының таралуын кейіннен талдау үшін жасанды интеллектті қолдану есебінен арттырылады. Кадастрлық деректерді, жер қойнауын пайдалану және инфрақұрылым жөніндегі мәліметтерді интеграциялай отырып, жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасы жасалады.

Қолданбалы аграрлық ғылымның жедел дамуынсыз АӨК ұзақмерзімді серпінді өсуі енді мүмкін емес. Осыған байланысты, серпінді технологияларды қолдануға және саланың өнімділігін арттыруға бағытталған агрономияны дамыту жоспары дайындалады.

Мемлекет басшысының Жолдауы Қазақстанның жаһандық цифрлық



трансформация жағдайында орнықты дамуы технологиялық жаңартусыз және барлық салаға жасанды интеллект енгізусіз мүмкін еместігіне назар аударалды. Азық-түлік қауіпсіздігінің қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар экономика-ның инновациялық дамуының драйвері болуға тиіс аграрлық секторға ерекше назар аударылды. Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешенде және экономиканың басқа секторларында стратегиялық міндеттерді табысты іске асыру адами капиталға сүйенбей мүмкін емес. Бұл білікті мамандарды даярлау және жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру мақсатқа жетудің негізі болуы керек.

2025 жылды Президент «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған еді. Бұл, ең алдымен, өндірістік еңбек адамға да, елге де үлкен пайда әкелетіндігімен байланысты.

Сонымен қатар жеткілікті жоғары жалақысы бар мыңдаған бос жұмыс орындары толтырылмаған күйінде қалып отыр. Ал инженер, құрылысшы, ауыл шаруашылығы мамандары және мемлекет есебінен білім алған жұмысшы мамандықтарының басқа да көптеген өкілі мамандығы бойынша жұмыс істемейді, арнайы білім беруді қажет етпейтін жылдам жалақыны тандайды.

«Экономиканың нақты саласында жұмыс істеуге ұмтылғаны жөн. Осыған мемлекет қажетті жағдай жасауы керек. Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл — мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі», — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы айтқан тағы бір маңызды бағыт — көлік-логистикалық және туристік әлеуетті іске асыру. Президент туризмде елеулі әлеуеттің болуына да назар аударды. Сонымен қатар тежеуші фактор ретінде сала үшін сапалы кадрларға қажеттілік атап өтілді. Осыған байланысты орталық және жергілікті атқарушы органдар туризмді дамыту жөніндегі жұмысты күшейтуге тиіс.

Бұл ретте мынадай құзыреттерді саралауды тапсырды: ЖАО инфрақұрылымды кешенді дамытуға назар аударуы және ол үшін жауапты болуға тиіс, ОМО шетелдік туристерді тартумен және ұлттық туристік саясатты құқықтық қамтамасыз етумен айналысуға тиіс. Бұл тәсіл туризмнің әлеуетін жүйелі және жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауы жаһандық цифрлық трансформация жағдайында Қазақстанның нақты даму векторын белгілейді. Ел агроөнеркәсіптік кешен мен өнеркәсіптен бастап көлік, туризм және ТКШ-ға дейінгі барлық негізгі салаларға жасанды интеллект пен инновациялық технологияларды интеграциялауға бәс тігуде.

Азық-түлік қауіпсіздігі мен инновациялық дамудың драйвері ретінде аграрлық секторға, сондай-ақ адами капиталға ерекше назар аударылады, онсыз ауқымды міндеттерді іске асыру мүмкін емес. Осылайша, Жолдаудың стратегиялық басымдықтары тұрақты, бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және Қазақстанның әлемдік аренадағы ұстанымын нығайтуға бағытталған.

Талғат ЖҮНІСОВ,
сенатор

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ӘР АЗАМАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІ

Әрбір екінші қазақстандық азаматтың несиесі бар, ал бір жа-рым миллион азаматтың шоты қарызына байланысты бұғатқа түскен. Халықтың жалпы қарызы 26 триллион теңгеден асады, ал жүздеген мың отбасы үнемі күйзелісте өмір сүреді: алған жалақысы төлемдерге жұмсалады, ал тұрмысы жаңа қарызбен жалғасады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың қаржылық сауатын арттырудың маңызы туралы айтты. Ол халықтың мойнындағы қарызын азайту ғана емес, азаматтардың табысы тұрақты болуын қамтамасыз ету керек екенін мәлімдеді. Президент «AMANAT» партиясының бастамасымен қолға алынған «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет екенін ерекше атап өтті.

Партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиев жоба мәселені бір реттік шараман емес, жүйелі түрде шешіп отыратынына назар аударды. Яғни, қаржылық сауаттылықты арттырады, алаяқтардан қорғайды және бизнеске жол ашады.

«Біз «жалақы — төлем — жаңа қарыз» шеңберін бұзып жатырмыз. «Қарызсыз қоғам» жобасы адамға үш түрлі тірек болып отыр: білім беру, құқықтық тұрғыда қорғау және берешекті өтеудің ынғайлы жаңа кестесін әзірлеу. Президент жобаны жалғастыру жөнінде нақты міндет қойды. Сондықтан жобаны алдағы уақытта да жалғастыра береміз. Біз үшін оқу сертификаты емес, нәтиже маңызды. Отбасылар қарыз қамытынан құтылуы керек және несиеге өмір сүрмеуге тиіс», — деп атап өтті ол.

«Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі Дәулет Мұқаев бастаманың ауқымына және азаматтар алдындағы жоғары жауапкершілікке баса назар аударды. Оның айтуынша, биыл ақпан-тамыз айлары аралығында 110 мыңнан астам адам заңгерлік көмек алды. Ал Call-орталыққа күн сайын үш мыңға жуық қоңырау ша-лынады.

«AMANAT» партиясының Астана қаласындағы кеңсесінде қырыққа жуық заңгер жұмыс істейді, өңірлерде тағы ондаған маман еңбек етеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жобамызға бір-неше рет қолдау көрсетті. Оның әрбір айтқан сөзі — біз үшін үлкен жауапкершілік. Былтырдың өзінде 845 мың адамға көмек көрсеттік, ал биыл 1 миллион қазақстандықты қамтығымыз келеді», — деді ол.

Сондай-ақ Д.Мұқаев цифрландыру мәселесі Мемлекет басшысы Жолдауының өзегіне айналғанына назар аударды. Мәселен, «Қарызсыз қоғам» жобасы цифрлық құралдарды белсенді енгізуде. Жасанды интеллект элементтері бар пилоттық жүйе азаматтар шағлан қонырауды өңдеуге және тиісті маманға қосуға, кездейсоқ қонырауларды анықтауға, қолдау көрсетуді қажет ететін адамдарды адвокаттарға жолдауға көмектеседі.

Өз кезегінде, «Қарызсыз қоғамның» атқарушы директоры Олжас Ордабаев жоба қарапайым кеңес беру шеңберінен шығып, азаматтарды толғандырған мәселе бойынша істің басынан аяғына дейін қолдау көрсететін толыққанды жүйеге айналғанын айтты. Жоба мамандары телефон арқылы кеңес берумен ғана шектелмейді: олар талап-арыздар әзірлейді, ЭЦҚ алуға көмектеседі, банкроттықты рәсімдеу кезінде азаматтарға қолдау көрсетеді, ал алаяқтық фактілері анықталған кезде материалдарды Қаржылық мониторинг агенттігіне және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жолдайды.

«Биылдың өзінде бізге жалпы қарыз жүктемесі 28 миллиард теңгені құрайтын 40 мыңнан астам адам жүгінді. Мамандарымыздың араласуы арқылы миллиард теңгеден астам берешекті есептен шығаруға немесе қайта құрылымдауға мүмкіндік

пайда болды. Бірде айыппұлдар мен өсім-пұлдар алынып тасталды, енді бірде төлем кестелері түзетілді. Бұл жай ғана сандар емес, біз келер күнге деген сенімін қалпына келтірген адамдардың тағдыры», — деді ол.

О.Ордабаев «Қарызсыз қоғам» жоба-сында оқу бөліміне көп көңіл бөлінетінін атап өтті: қарыз қамытынан құтылу, сауатты бизнес-жоспар әзірлеу және грант бағдарламаларын пайдалану тура-лы 24 онлайн-сабақ әзірленді. Оқудан соң жеңілдікпен несие берілетін «Ауыл аманаты» жобасы арқылы көп адамға қолдау көрсетіледі. Осылайша, олар жеке кәсібін ашады.

«Мектеп қабырғасында қаржылық сауаттылық туралы жеке пән пайда болуы үшін арнайы оқу құралдары әзірлеу жұмысы жүргізілуде. Бұл — әр балаға қажет дағды. Бүгін біз оның салдарымен күресіп жатырмыз. Алдағы уақытта балалардың қаржылық сауатын мектеп қабырғасынан бастап арттыруымыз ка-жет», — деді ол.

Жоба заңгерлері күн сайын түрлі ауыр жағдайға тап болады. Мәселен, Нарима Асанова қайта құрылымдау және бан-кроттықты рәсімдеу кезінде борышкер-лерге көмек көрсетеді. Оның тәжірибе-сінде банктер қайта қаржыландырудан бас тартқан 11 миллион теңге қарызы бар клиент болды. Алайда оның жоғары дайындығы арқылы сот төлем қабілетін қалпына келтіру процедурасын мақұлдап, қарыз жүктемесі айтарлықтай төмендеді. Нарима істі сотқа дейін жеткізу — мәж-бүрлі шара болғанын атап өтті. Алайда бұл — Президенттің «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын жүзеге асырудың жар-қын дәлелі. Яғни, әр адам құқықтық салада әрекет ету арқылы өз мүддесін қорғай алады. Жоба заңгері Нұркен Се-гізбай сот орындаушысы бір әйелдің барлық жалақысын ұстаған жағдайды еске түсірді. Дегенмен заңға сәйкес кара-жат өндіру қаламы табыстың жартысынан аспауы керек. Жоба командасы жедел шағым әзірлеп, заңсыз әрекеттердің кү-шін жойды және заңсыз есептен шы-ғарылған қаражатты қайтарды. Бүгінде аталған азамат қарыздарды қайта құры-лымдау рәсімін жалғастыруда.

Осы оқиғалар «Қарызсыз қоғам» жо-басы тек статистика мен ауқымды цифр-лар емес екенін дәлелдейді. Әр істің ар-тында сенім пен әділдікті қалпына кел-тірген адамдар тұр. Бұл — қаражатты заңсыз ұстап қалу фактісін алдын алу-дың, сот арқылы қарыз жүктемесін азай-тудың немесе өмірді жаңа парактан бастаудың жаңа мүмкіндігі.

Еске сала кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасы 2023 жылы 2 мамырда 12 банктің және 11 мемлекеттік органның қолдауы-мен бастау алды. Сарапшылардың дәрісі-нен бөлек, жобаға қатысушылар enbek.kz порталына тіркелу және ЖК ашудан бастап, соттан тыс банкроттық кезінде көмектесу және берешекті өтеу кестесін әзірлеуге дейінгі түрлі сұрақ бойынша кеңес алады. Барлық кеңес тегін беріледі, заңгерлер әр қарыз алушының несие тарихын жеке зерттейді.

Курсқа qogamfin.kz сайты арқылы жазылуға болады. Оқыту курсы күндізгі форматта өткізіліп, бір топта 50 адамға дейін оқытылады. Дәрістің ұзақтығы — 5 жұмыс күні. Жобаның Call-орталығы әр жұмыс күні 9-00-ден 20-00-ге дейін жұмыс істейді. Қоңырау шалу үшін: +7 700 855 85 85. WhatsApp үшін: +7 700 023 01 44.

16 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖОЛДАУДАН БАСТАУ АЛҒАН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Мемлекеттің алға даму жолында Жолдау басты бағдардың рөлін атқаратынын айтып өткен жөн. Бұл стратегиялық маңызы зор құжат еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік һәм рухани дамуының бір тармағы іспетті. Осы орайда елдің басты астықты аймағының бірі – Ақмола облысында Жолдауда көтерілген мәселелер мен Президент шегелеп тапсырған міндеттер кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Қазір Ақмола облысы үшін отандық және алыс-жақын шетелдерден инвестиция тарту, экономиканы цифрландыру, энергетика мен агроөнеркәсіп кешенін дамыту сияқты салалар басым бағытқа айналды.

Облыс орталығы — Көкшетауда өңір әкімі Марат Ахметжановтың төрағалығымен өткен облыстық актив отырысында Жолдауда айтылған тапсырмалар талқыланды. Жиынға аймақтың барлық аудан және қала әкімдері, сонымен қатар қоғам қайраткерлері, бизнес өкілдері мен басқарма басшылары түгелдей қатысты.

Аймақ әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, Мемлекет басшысының Жолдауы макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық саясатты жаңа деңгейге көтеру, бизнес жүргізудің тиімді

шарттарын қалыптастыру, цифрлық экожүйені дамыту, әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту сияқты аса ауқымды бағыттарды қамтиды.

— Бұл құжат ел дамуының стратегиялық болашағын нақты айқындап беретін саяси ғана емес, экономикалық бағдарлама. Өйткені қазір цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту, заманауи үдеріспен көштен қалмай ілесу — еліміз үшін кешенді жаңғырудың басты драйверіне айналып отыр, — деп атап өтті Марат Ахметжанов.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЛЕГІ, ЖАҢА ӨНДІРІС ҺӘМ ЦИФРЛАНДЫРУ

Облыс әкімінің орынбасары Ернар Жаркешевтің мәліметінше, Ақмола облысы биыл елеулі экономикалық табыстарға қол жеткізді. Жыл басынан бері аймаққа 456 млрд теңгеден астам инвестиция тартылған. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен бір жарым есе жоғары болып отыр.



Облыс әкімдігінің деректеріне сенсек, бүгінде өңір аумағында жалпы саны 226 жоба жүзеге асырылуда. Осының нәтижесінде мемлекет экономикасының негізгі қозғаушы күшіне айналған шағын және орта кәсіпкерлік нысандары бой көтеріп, 2,5 мың жана жұмыс орны ашылмақ. Олардың қатарында Целиноград ауданындағы алюминий прокатын шығаратын зауыт, Көкшетау қаласындағы жарма өңдеу кәсіпорны, ауылшаруашылық техникасын өндіруді кеңейтуге негізделген стратегиялық нысандар бар.

Бұған қоса, Ақмола индустриялық аймағында 7 ірі жобадан тұратын портфель қалыптасуда. Бұл жобалар толық іске асырылғанда 4,5 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып, өңірдің өндірістік әлеуетін жаңа деңгейге көтереді.

Ақмола облысы — елімізде цифрлық трансформацияны жүзеге асырып жатқан алдыңғы қатарлы өңір. 2025–2030 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясы мен Цифрлық трансформация картасы іске асырыла бастады.

Облыстың өңірлік басқару орталығының мәліметтеріне қарасак, деректер орталықтандырылған мониторинг жүйесі, болжамды аналитика және KPI негізінде

басқаруға енгізілген. Ақмола Region Score атты жаңа жүйе әрбір аудан мен қаланың тиімділігін нақты уақыт режимінде көрсетіп отырады.

Әкімдік жанынан жасанды интеллект кенесі де құрылып жатыр. Оның басты мақсаты — цифрлық шешімдер қабылдауда сарапшылар мен бизнес өкілдерінің пікірін ескеру.

АГРАРЛЫҚ САЛА ДАМУЫТҒА БЕРМЕК

Агроөнеркәсіп саласы — Ақмола өңірінің басты байлығы әрі алтын қазығы. Өңірдегі ауыл шаруашылығы мамандарына осы жыл айрықша табысты болмақ. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, биыл астық дақылдары рекордтық деңгейде жиналады, яғни 7 млн тоннаға жуық өнім алынбақ. Сондай-ақ майлы дақылдардың жалпы өнімі алғаш рет 650 мың тонналық межеден асқалы отыр.

Аймақта ет өндірісі 7 пайызға, сүт өнімдерін шығару көлемі 4 пайызға дейін артқан. Өндіріс қарқынын ұлғайту мақсатында жыл басынан бері 1 430-дан астам жана техника сатып алынып, аграрлық саладағы еңбекақы 26 пайызға өсті.

Сала мамандардың пікірінше, аграрлық саланың алға өрлеуіндегі маңызды қадамдардың бірі — монодақылдардан бас тарту болған көрінеді. Атап айтқанда, облыста осыған дейін негізгі басымдыққа ие болған бидай алқаптары қысқартылып, оның орнына табысы мол дақылдар көбірек себіле бастаған. Сондай-ақ ғылыми негізделген тыңайтқыштар қолдану, элиталық тұқым үлесін арттыру және техника паркін жанарту — ауыл шаруашылығы саласындағы өнімділікті 20 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік беріпті.

Өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен қатар, алынған шикізатты бірден өңдеуге де баса мән беріліп келеді. Мәселен, жақында қытайлық Dalian Hesheng Group компаниясымен бірлесіп, Ақмола индустриялық аймағында астықты терең өңдейтін ірі зауыттың құрылысы басталмақ. Жобаның алғашқы кезеңінде өндіріс көлемі 1 млн тоннаға жетпек. Бұл зауыттан глютен, крахмал, минералды тыңайтқыш сияқты экспортқа бағытталатын тауарлар шығару көзделіпті.

Кейінгі жылдары облыста кезінде латифундистердің иелігіне өтіп кеткен 750 мың гектардан астам пайдаланылмаған жер кері қайтарылды. Алда осы құнарлы қара топырақты суармалы жер көлемін 80 мың гектарға дейін жеткізуге күш салынбақ.

Жиын соңында облыс әкімі Марат Ахметжанов Президент Жолдауы — жай ғана саяси мәлімдеме емес, ел дамуының нақты Жол картасына әрі басты бағыт-бағдарына айналғанын атап өтті.

— Бұл құжат — әділеттілік, даму және оптимизмге бастар сүрлеу жол. Біз білік, бизнес және әрбір өңір тұрғыны бірлесе отырып, міндеттерді жүзеге асырсак қана халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, аймақтың экономикалық және әлеуметтік жағдайын арттыра аламыз, — деді облыс әкімі.

Жиын барысында сөз алған қоғам қайраткері Жабал Ерғалиев Жолдаудың тарихи мәніне тоқталып, Президент көтерген мәселелер іс жүзінде орындалса еліміздің әлемдік аса дамыған мемлекеттермен терезесі тең болатын деңгейге жететінін алға тартты.

СИРЕК БОЛСА ДА, САЛМАҒЫ БАСЫМ

Тау-кен индустриясы ел экономикасының бір тірегі екені жиі айтылады. Соңғы кезде әлемдік нарықта да жаңа тенденцияның дендеп келе жатқанын көреміз. Өйткені бир-жаларда көмірсутек шикізатымен қатар сирек кездесетін металдарға деген сұраныс көлемі ұлғайып келе жатқаны байқалады. Басты себепші – жасыл энергетикаға құйылған инвестициялар, электр көліктері мен баламалы энергия көздері мен тұрмыстық электрониканың жаппай таралуы. Бұл Мемлекет басшысының да назарынан тыс қалған жоқ. Жақында Қазақстан халқына Жолдауында Президент атап өткен маңызды дүниелердің қатарында тау-кен металлургиясының әлеуетін тиімді пайдалану мәселесі де сөз болды.

Кәмила ДҮЙСЕН

«Жаһандық үдерістерге сәйкес, сирек кездесетін металдардың және айрықша қажет басқа да материалдардың маңызы арта түсті. Бұл саладағы әлемдік өндірістер мен сауда-саттықтың жаңа желісінде өз орнын нықтап алуына Қазақстанның толық мүмкіндігі бар», — делі Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөзімізге түздік болсын. Мысалы, 2025 жылы сирек жер металдары нарығының көлемі 6,4 млрд АҚШ долларына бағаланған. Ал Research Nester сараптама орталығы 2035 жылға қарай бұл нарық 11,68 млрд долларға жетуі ықтимал деген долбар жасайды. Демек, сала 2026–2035 жылдар аралығында орташа есеппен 6,2%-дан асатын өсімге қол жеткізеді, 2026 жылғы көрсеткіш те шамамен 6,76 млрд доллар болмақ.

Сирек кездесетін металдар — Менделеев кестесіндегі он жеті элементтен тұратын ерекше топ. Олардың физикалық-химиялық қасиеттері оларды электроника, магниттер, жасыл энергетика технологиялары, қорғаныс жүйелері сияқты түрлі салада таптырмас компонент етеді. «Бұрындары бұл нарықта баға жиі құбылатын, себебі әлемдік нарықтағы ұсыныстың басым бөлігі Кытайдың бақылауында еді. Қазір технологиялық сектордың дамуына байланысты сұраныс артып келеді, сондықтан баға қолжетімділік пен геосаяси факторларға қарай құбылып отырады», — дейді RN сараптама орталығының сарапшылары.

Расымен де, бұл бағалы элементтер электроника өндірісі үшін, сондай-ақ атом өнеркәсібінде, металлургияда және машина жасауда өте маңызды. Тіпті, мұнай өнеркәсібінде оларды катализатор ретінде қолданады. Кейбір сирек металдар коррозияға және жоғары температураға төзімді қорытпалар жасауға пайдаланылады. Сонымен қатар олар лазерлерді, арнайы әйнектерді, қуатты магниттерді, талшықты-оптикалық кабельдерді өндіру үшін қажет.

Ғарыш аппараттары, турбиналар, дрондар, гибридті көліктер, күн батареялары, қатқыл дискілер, радарлар, навигациялық жүйелер, смартфон экрандары — мұның бәрін сирек кездесетін металдарсыз жасау мүмкін емес.

Көпшілік арасында бұл элементтердің «сирек металдар» деп аталуы олардың жер қыртысында өте аз болуымен байланысты деген жансак пікір бар. Алайда олардың қоры молибден немесе вольфрамнан әлдеқайда көп. Басты себеп — бұл металдардың кен құрамындағы концентрациясы тым төмен, ал өндірістік жолмен игеру жүздеген миллион долларды талап етеді. Сондықтан болар сирек металдарды көбіне сала мамандары «жана мұнай» деп атайды. Халықаралық

энергетикалық агенттік деректеріне сүйенсек, 2040 жылға қарай бұл элементтерге деген сұраныс үш есе емес, жеті есеге дейін артуы мүмкін.

2035 жылға қарай Азия-Тынық мұхиты аймағы сирек жер металдары нарығының 40%-ын иеленеді деген болжам бар. Бұл көрсеткіш, ең алдымен, электроника мен жасыл энергетика салаларындағы сұраныспен түсіндіріледі. Ал Солтүстік Америка екінші ірі нарыққа айналмақ, оған себеп — технологиялық прогресс пен таза энергияны енгізу. Сегменттер бойынша қарасак, 2035 жылға қарай жеңіл сирек металдар үлесі 63%-ға жетеді. Себебі электр көліктері мен жел генераторларында қолданылатын жоғары қуатты магниттерге сұраныс қарқынды өсіп отыр. Сондай-ақ электроника сегменті де нарықтың басым бөлігін иеленбек, оған интеллектуалды құрылғылардың жаппай енгізілуі мен микропроцессорлар мен сенсорлар саласындағы инновациялар серпін бермек.

Бүгінде сирек кездесетін металдар өндірісінің шамамен 70%-ын Қытай бақылайды. Осындай қазба қоры бар басқа елдердің қатарында — Аустралия, АҚШ, Ресей, Норвегия, Үндістан, Бразилия, Мьянма бар. Дональд Трамптың Гренландияға деген қызығушылығы да тегін емес: онда скандий мен иттрийдің ірі кен орындары бар.

Алайда кен қорының болуы бұл елдердің барлығы оларды өз бетінше игеріп жатыр деген сөз емес. Мысалы, Ресейде сирек кездесетін 28,7 млн тонна қоры бар, бірақ оны өндіретін қуат аз. АҚШ толықтай иттрий мен скандийді импорттайды, ал ЕО сирек кездесетін металдардың 98%-ын Қытайдан алады. Үндістанда да қор бар, бірақ өндіруде қиындықтар кездеседі.

Нәтижесінде, сирек кездесетін металдарды өндіруде алдыңғы орында тұрғандар: Қытай, АҚШ, Мьянма, Аустралия, Таиланд. 2024 жылдың екінші жартысындағы жағдай бойынша әлемдік нарыққа негізгі жеткізушілердің бестігі: Қытай, Малайзия, АҚШ, Жапония, Франция. Орталық Азия елдері ішінде Қазақстан сирек кездесетін элементтердің әлеуеті бойынша бірінші орында. Өзбекстан мен Қырғызстанда да қорлар бар, бірақ Қазақстанның барланған қоры осы екі елдің қосындысына шамалас.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің деректері бойынша, Қазақстан металлургиясында сирек және сирек кездесетін металдардың үлесі қазір небәрі 2,4% ғана. 2018 жылдан бері бұл саланы дамыту үшін мемлекет 67 млрд теңге қаржы бөліп отыр.

Бүгінде ел аумағында кең көлемді геологиялық зерттеу жүріп жатыр. Жалпы, көлемі 100 мың шаршы шақырым болатын 25 учаске зерттелуде. 2024 жылы болашағы зор 38 қатты пайдалы қазба учаскесі анықталды. Барлау жұмыстарының аумағы 2025 жылы



2 млн шаршы шақырымнан асса, 2026 жылы 2,2 млн шаршы шақырымға жетуі жоспарланып отыр.

Қазір Қазақстанда бериллий, тантал, ниобий, скандий, титан, рений, осмий сияқты металдар өндіріледі. Сонымен қатар өндіріс кезінде қосымша висмут, сурьма, селен және теллур алынады. Бұдан бөлек, галлий мен индийді алудың да технологиясы бар.

Алдағы жылдары бұл саланың дамуына үлкен үміт бар. Әсіресе, батарея жасауға арналған материалдар өндірісі, ыстыққа төзімді қорытпалар, жартылай өткізгіштер және тұрақты магниттерді қайта өңдеу бағыттары ерекше маңызды болмақ.

Алайда бұл салада өндіріс пен қайта өңдеу экологияға елеулі әсерін тигізіп, тұрақты даму тұрғысынан алаңдаушылық тудырып отыр. Сондықтан көптеген ел экологиялық нормаларды жетілдіруге және жауапты өндіріс әдістерін енгізуге күш салауда. Сонымен бірге сирек жер элементтерінің геосаяси маңызы жоғары: мемлекеттер экспортқа шектеу қойып немесе баж салығын саяси құрал ретінде пайдаланып, әлемдік жеткізілім тізбегіне және бағаға ықпал ете алады.

Сирек кездесетін металдар мен жаңа қазба орындарын игеру алдағы жылдары Қазақстанға мұнайға ғана емес, уранға тәуелділікті азайтып, жоғары технологиялы экспорттың құрылымын әртарапандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, соңғы үш жылда Қазақстан экспортының жоғары технологиялы тауарлардағы қарқыны айтарлықтай өзгерген. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, 2021 жылы бар болғаны 2,5 млрд долларды құраған көрсеткіш 2024 жылы 7,3 млрд

долларға жетіп, үш есеге жуық өскен. Дегенмен нақты көлемінің өсімі бар болғаны 9,7% ғана, ал экспорттың артуына негізгі фактор әлемдік нарықта бағаның күрт қымбаттауы және Қазақстаннан қайта экспортталатын күрделі техникалық құрылғылардың жана бағыттарға жол тартуы еді. Әсіресе, 2022 жылы геосаяси шиеленіс күшейген тұста реэкспорт көлемі ерекше ұлғайған.

«Жоғары технологиялы экспорттың көшбасшысы бұрынғыша уран мен оның қосындылары болып қала берді. 2024 жылы бұл өнімдердің үлесі жалпы көлемнің 62,7%-ын құрап, 4,6 млрд долларға тең болды. 2021 жылмен салыстырғанда табыс 2,6 есеге артса, нақты көлем бар болғаны 16,7%-ға өсті. Мұндағы басты фактор — бағаның өсуі. Сала медиа деректеріне сәйкес, 2024 жылдың алғашқы жартысында табиғи уранның спот бағасы 73%-ға көтерілді. Ұзақмерзімді келісім-шарттар бойынша да баға тұрақты өсім көрсетті», — дейді Finprom орталығының сарапшылары.

Дегенмен казакстандық экспорт құрылымындағы басымдық әлі де шикізатта. 2024 жылы оның үлесі 63,3%-ға жетсе, төмен деңгейлі қайта өңделген тауарлар — 15,5%, ал жоғары деңгейлі өнімдер үшінші орынмен шектелді.

Демек, Қазақстанның алдағы экономикалық бағыты экспорттық шикізат өнімдерінің құнының өсіміне ғана арқа сүйемей, сирек кездесетін металдар өндірісін кеңейту арқылы жоғары технологиялы өнімдер үлесін арттыруға бағытталуға тиіс. Бұл қадам жаһандық нарықтағы жана мүмкіндіктерді игеріп қана қоймай, ұлттық экономиканы ұзақмерзімді тұрақтылыққа жеткізеді.

ҚОҒАМ

16 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ

Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша 41,5 мыңнан астам қазақстандық өз ұлтын ауыстыруға өтініш берген. Бірігісі, арасында қазақ жоқтың қасы. Өз ұлтынан бас тартқандардың себебі әр алуан: жеке жағдайлардан бастап, халықаралық күрделі геосаяси ахуалға дейінгіні қамтиды. Мысалы, ата-анасының бірі отбасын тағдыр тәлкегіне тастап кеткен соң есейген балалары асыраушы анасының не әкесінің ұлтын таңдайды. Сонымен бірге тағы бір проблема бас көтерген. Елде ұлты жоқ азаматтар пайда болды. Бұл мәселеге Конституциялық Сот та назар аударып отыр.



ТЕКТІ ТҮЗЕР
ТЕТІК ҚАЙДА?

Қазақстан азаматтарынан жеке куәлік пен паспортындағы ұлтын өзгерту туралы 41 545 өтініш түсті. Ұлтты ауыстырудың шырқау шегі 2022 жылдың сәуірі мен 2023 жылдың тамызы аралығын қамтыған: тұрғылықты жері бойынша көші-қон қызметіне 2021 жылы — 3 254 адам, 2022 жылы — 3 363, 2023 жылы — 3 366, ал 2024 жылдан қазіргі кезге дейін 2 158 адам құжаттарында жазылған ұлтын ауыстыруды сұрап жүгінді.

— Жүргізілген талдауға сәйкес, кейінгі кезде қазақстандықтардың 743-і ұлтын орыстан неміске, 354-і — өзбектен қазаққа, 300-і — орыстан украинге, 246-сы — украиннен орысқа және 118-і — орыстан қазаққа ауыстырды, — деп нақтылады ПМ.

Қазақстан Конституциясының 19-бабында: «1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетуіне хақылы» делінген. Яғни, адамдар өз дінін не партиясын өз еркімен және өмірінде бірнеше рет өзгерте беретіні сияқты, ұлтын да солай еркін әрі еш шектеусіз алмастыра алады ғой? Жок. «Мен не деймін, домбырам не дейді» дегендей, ел занныамасында бұған тыйым салынған. Яғни, қатардағы заңдар Ата Заңға қайшы келіп тұр. Жуырда Конституциялық Сот осыны атап өтті.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 65-ші бабында баланың ұлтын анықтаудың жалғыз ғана тәсілі көрсетілген: біріншіден, «баланың ұлты оның ата-анасының ұл-

лады деп табандайды. Ал ата-анасының кім екені белгісіз болса, баланың ұлты қандай болады? Бұл сұраққа заңнама ешқандай жауап бермейді.

ЖЕТІМНІҢ ЖЕНІСІ —
ҰЛТТЫҢ БЫРЫСЫ

Осы орайда Конституциялық Сот (КС) 2024 жылғы 26 қыркүйекте Неке және отбасы кодексінің 65-бабының Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы өтінішті қарауға кірісті. КС-ке көмелетке толмаған Р-дың заңды өкілі Ю.Данилова жүгінді. Оның мәліметін-

қуәландыратын құжаттар болмай тұр», — деді заңды өкілі.

Р.-дың адвокаты баланың қалаған ұлтты таңдауына және соны құжаттарына жазуына рұқсат етуді сұрап, Қарағанды облысының Саран қалалық сотына жүгініпті. Алайда 2023 жылғы 14 маусымдағы шешімімен бірінші сатыдағы сот қай ұлтқа жататыны туралы фактіні анықтау талабын қанағаттандырудан бас тартқан. Сот өз шешіміне берген негіздемесінде көмелетке толмаған Р.-дың қай ұлтқа жататыны туралы фактіні анықтау мүмкін емесін, өйткені оның анасының ұлты құжатпен расталмағанын көрсеткен.

Әділдік іздеген бала апелляциялық сатыдағы сотқа қалалық соттың шешіміне қарсылығын білдіреді. Бірақ Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы 2023 жылғы 21 тамыздағы қаулысымен бірінші инстанцияның үкімін қолдап шықты. Заң маманы Данилова соттар басшылыққа



Қай ұлтқа жататынын өзі айқындауы — жеке бас еркіндігін білдіру мен көрсету нышаны және бұл құқыққа бала туған кезінен бастап ие болады. Мемлекет мұны құрметтеуге міндетті. Қай ұлтқа жататыны баланың жеке бас даралығының, тұлғасының бір құрауышы.

тымен айқындалады». Екіншіден, егер ата-анасының ұлты әртүрлі болса, өзіне жеке куәлік, паспорт берілгенде бала өз қалауымен не әкесінің, не шешесінің ұлтын таңдай алады. Үшіншіден, «баланың ұлты тек қана ата-анасының екіншісінің ұлтына өзгертілуі мүмкін».

Бұл шектеу тәжірибеде көптеген дау-жанжалға әкеліп соқтырады. Мысалы, біраз адамның арғы аталарында қазақ, неміс, кәріс, татар және басқа ұлт өкілдерінің болғаны архивтік құжат жүзінде расталады. Алайда ПМ, «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы және әкімдер Қазақстан азаматының ұлтын соған ауыстырудан бас тартады. Себебі тікелей әкесі мен анасы ол ұлттардан емес. Заң баланың ұлты тек оның ата-анасының ұлтымен айқында-

ше, азаматтық хал актілерін тіркеу қызметі өтініш субъектісінің туу туралы акт жазбасына (Туу туралы куәлігіне) анасының ұлтын көрсетуден бас тартқан. Жетім балаларды тәрбиелеу мекемесінде де, баланың қолында да анасының құжаттары жоқ. Соның салдарынан шешесінің ұлты кім болғаны «ауызша» белгілі болғанымен, оны айғақтайтын құжаттар жоқ.

«Заннамада бұл мәселе еш реттелмеген. Сондықтан Неке және отбасы кодексіне өзгерістер енгізу керек. Мұндай өзгеріс анасының жеке басын қуәландыратын құжаттары болмағанда оның ұлтын айқындауға мүмкіндік берер еді. Өтініш субъектісі Р.-дың әкесі туралы мәліметтер мен құжаттар жоқ. Яғни, оның әкесінің де, шешесінің де тұлғасын

жеке басының даралығын және отбасылық байланыстарын сақтау құқығын құрметтеуге және оған заңсыз араласпауға тиіс. Соған қарамастан шенеуніктер мен оқалы жағалылар, мысалы «қазақ» болғысы келетін жетімдерге ұлтын солай деп көрсетуіне тыйым салады.

— Қай ұлтқа жататынын өзі айқындауы — жеке бас еркіндігін білдіру мен көрсету нышаны және бұл құқыққа бала туған кезінен бастап ие болады. Мемлекет мұны құрметтеуге міндетті. Қай ұлтқа жататыны баланың жеке бас даралығының, тұлғасының бір құрауышы. Белгілі бір этникалық қауымдастыққа жату — өзін-өзі ұғыну тұрғысынан да, белгілі бір дәстүрге, тілге, мәдениетке, өмір салтына қатыстылығын сезіну тұрғысынан да маңызды болуы мүмкін. Ұлттық сәйкестендіру адамның өз отбасының алдығын бұйындарымен байланысын ұстануына, өз этносын және ұлттық сәйкестілікке тән белгілерді қазір және болашақта сақтауға деген ұмтылысты көрсетуге де мүмкіндік береді, — деді Конституциялық Сот.

Ол мұның практикалық қырының да барына назар аудартты. КС пайымдауынша, отбасы ортасынан айырылған баланың күтіміне байланысты мәселелерді шешкен кезде оның этникалық тегі, діни мен мәдени ұстанымы және ана тілі ескерілуге тиіс. Айталық, ұлты белгісіз болғанымен, өзін «қазақпын» деп сезінетін баланы қазақы отбасыға берген маңызды. Сондай-ақ КС пікірінше, ұлтын айқындау және құжатта көрсету азаматтар үшін тиісті мемлекеттік қолдау шараларын алу, мысалы қандастарға, этникалық қазақтарға, ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар жағдайында, репатриация және тағы басқалар кезінде маңызды болуы мүмкін.

Зангерлердің мәліметі және құқық қолдану практикасы көрсеткендей, егер туу туралы акт жазбасы мен туу туралы куәлікте баланың ата-анасының ұлты көрсетілмесе, онда мемлекеттік органдар ол баланың жеке басын қуәландыратын басқа құжаттарда да ұлтын көрсетпейді. Содан кейін бала жеке құжаттарына өзі таңдаған ұлтты жаздыртқысы келсе, мемлекеттік ұйымның бәрі бірауыздан бас тартады. Мұндай қиянатқа шыдамаған адамдар сотқа жүгінуге мәжбүр болады. Сот практикасы көрсеткендей, осындай талап қоюларды қанағаттандырудан судьялар да ат-тонын ала қашады. Сондағы сылтауы: мұндай өтініштер азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпайды.

Жағдай енді өзгеруі мүмкін. Конституциялық Сот көмелетке толмаған Р.-дан түскен шағымды қарай келе, 2025 жылғы сәуірде арнайы қаулы шығарды. Ол қолданыстағы заңнамада, құқық қолдану практикасында азаматтардың Конституцияның 19-бабында көзделген құқықтарын іске асыруына елеулі кедергілер бар деген ұйғарымға келді. «Қай ұлтқа жататынын айқындау құқығы, ең алдымен, адамның ішкі еркіндігімен байланысты» деп тапты КС. Ендеше қай ұлттың адамы екенін шенеуніктер емес, адамның өзі анықтауға тиіс.

— Әркім өз ұлтын таңдауын ата-анасының этникалық тегімен байланыстыруға құқылы. Бірақ түрлі өмірлік жағдайларға байланысты ұлтын айқындау тек осындай таңдаумен шектелмеуге тиіс. Нақты жағдайларда адам объективті (мысалы, ата-анасы белгісіз болса) немесе субъективті (мысалы, өзін тәрбиелеген адамның ұлтын қабылдауға ниетті болса) себептерге байланысты ұлтын ата-анасы бойынша айқындай алмайды. Түрлі факторға байланысты этникалық сәйкестілігі де өзгеруі мүмкін, — деді КС.

Конституциялық Сот біріншіден, қолданыстағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 65-бабын Қазақстан Конституциясына сәйкес келмейді деп таныды. Себебі онда ата-анасы белгісіз болған немесе олардың ұлтын анықтау мүмкін болмайтын жағдайларда, сондай-ақ азаматтың заңды мүдделерін қозғайтын басқа да өмірлік жағдайлар кезінде баланың ұлтын айқындау мен өзгертудің өзге тәсілдері көзделмеген.

Екіншіден, ол Үкіметке осы нормативтік қаулы жарияланған күннен 6 айдан, яғни 2025 жылғы 16 қазаннан кешіктірмей, Мәжіліске аталған шешімді жүзеге асыру үшін заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жаңа заң жобасын енгізуді жүктеді. Ата-анасының кім екеніне қарамастан, Қазақстан азаматтарына құжаттарында өзін «қазақ» деп жазуына рұқсат етілсе, келесі халық санағында қазақтардың үлесі 80%-ға жетуі, тіпті одан асуы да мүмкін.

16 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ

ERG: ИГІЛІКТІ ІСТІҢ ІЗГІ ЖАЛҒАСЫ

Елімізде қалаларды жаңғырту, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында көптеген іс-шара ұйымдастырылып жатыр. Әлеуметтік маңызды алға тартатын сондай жобалардың бірі – Tugan Qala жобасы. Tugan Qala форумы биыл бесінші рет өткізіліп отыр. Бұл жолғысы Лисаков қаласына табан тіреді.

Мұндай кең көлемді бастамаларға халықтың да ықпалы көп екендігін айта кеткен жөн. Себебі осындай монокалалардың тұрғындары өздері мекен еткен шаһарлардың инфрақұрылымын жақсарту қамында жыл сайын осындай жүздеген бастама ұсынады. Тек соңғы 5 жылда ERG-дің Tugan Qala жобасынан бөлек, 1 297 жобалық ұсыныс түскен. Оның 423-і дауыс беруге жіберілсе, 185-і жоба қала тұрғындары тарапынан қолдау тапқан.

— Қаламыз үшін маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Әсіресе, қала экономикасы мен дамуына үлкен үлес қосып отырған қала құраушы кәсіпорындар мен серіктес компанияларға алғысымды білдіремін.

2021 жылдан бастап «Халық қатысатын бюджет» жобасы іске асырылып келеді. Бұл бағдарламада тұрғындар өздері қалаған жобаларға дауыс беріп, оларды бюджет есебінен жүзеге асырады. Мұндай жобалар кішкентай болып көрінгенімен, тұрғындар үшін өте маңызды. Мысалы, Октябрь кентінде 2022 жылдан бері 13 жоба іске асырылып, оған 104 млн тенге бөлінді. Лисаков қаласында былтыр басталып, биылдың өзінде алты жоба жүзеге аса бастады. Келер жылы бұл көрсеткіш арта түсетініне сенімдімін.

Сонымен қатар биыл қала құраушы кәсіпорнымыз 75 жылдығын атап өтуде. Осыған орай «ERG» компаниясының қолдауымен орталық «Жеңіс» сабағын қайта құру жұмыстары басталды. Бұл жоба келесі жылы қаламыздың 55 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс жалғасын табады, — дейді қала әкімі Абай Ибраев.

TUGAN QALA – ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ЖОБА

Tugan Qala — ERG компаниясы мен облыс әкімдіктерінің бірлескен меморандумы аясында жүзеге асып жатқан ерекше бастама. Оның басты ерекшелігі — бөлінген қаражаттың нақты қайда жұмсалатынын жергілікті тұрғындардың өзі шешеді. Яғни, қандай нысан салынатынын да, қандай жобаның өмірге келетінін де халық дауыс беру арқылы айқындайды.

Бұл жоба алғаш рет 2020 жылы қолға алынды. Содан бері Хромтау, Ақсу, Рудный, Лисаков қалаларында, сондай-ақ Қашар мен Октябрь кенттерінде табысты жүзеге асып келеді. Биылдан бастап

Лисаков қаласында да өтінімдер қабылдана бастады.

Төрт жылдың ішінде Tugan Qala аясында 144 әлеуметтік нысан бой көтерді. Балалар мен спорт алаңдары, заманауи арт-нысандар, инклюзивті жағажай, тіпті шаңғы-роллер жолы — барлығы да тұрғындардың қалауы мен ұсынысының нәтижесінде салынды.

ERG бұл бастамаларды жүзеге асыруға жалпы сомасы 1,8 миллиард теңгеден астам қаражат бөлген. Компанияның айтуынша, бұл тек әлеуметтік инфрақұрылымға салынған инвестиция ғана емес, ең алдымен, жергілікті халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған қадам.

Тұрғындар үшін Tugan Qala — өз қаласының дамуына үлес қосатын шынайы мүмкіндік. Кез келген ұсыныс қоғам талқысына салынып, ең көп қолдауға ие болған жобалар іске асырылады. Нәтижесінде, халықтың өзі қалаған өзгерістер көз алдына келеді.



ERG-дің әлеуметтік қамдау жөніндегі директоры Шаттық Әбдіхалықовтің айтуынша, Tugan Qala жобасы алғашында мүлде басқа форматта басталған.

— 2017 жылы біз әлеуметтік жобалар байқауын өткіздік. Ол кезде жай ғана сынақ ретінде қолға алынған жоба болатын. Бірақ халықтың белсенділігі мен қызығушылығы бізді қатты таңғалдырды. Содан бастап



байқау әртүрлі өзгерістен өтті, жаңа атау алды. Ақырында қазіргі Tugan Qala жобасына айналып, толыққанды жүйелі бастама ретінде қалыптасты.

Жоба алғашқы кезде 10 миллион теңгеге дейін қаржыландырылса, уақыт өте келе бұл сома жеткіліксіз екені анықталды. Дегенмен бір емес бірнеше жобаны қамту

Алғашқы жылдары тек балалар ойын алаңдарына басымдық берілсе, қазір жобалардың ауқымы кеңейіп, автотұрақтар, өрмелеу қабырғалары, жағажайлар, қабырға суреттері сияқты түрлі нысан бой көтеріп жатыр. Тіпті, этно-шоулар ұйымдастыруға дейінгі жана идеялар ұсынылуда, — дейді Шаттық Әбдіхалықов.

КІШІ ҚАДАМНАН ҮЛКЕН ЖЕҢІСТЕРГЕ

Лисаков қаласында бұл бастама тек быттыр қолға алынған. Алайда бүгінде алғашқы нәтижесін бере бастады. Форумға келген 150-ден астам адам осы жоба аясында салынған әр нысанды аралап, әрқайсысымен жеке танысты. ERG табысты тәжірибесін бүкпесіз көрсетті: форумға «Қазақмыс», «Qarmet», «Қазатомөнеркәсіп» сияқты тау-кен металлургия компанияларының өкілдері, сондай-ақ монокалалардың әкімдері қатысты. Одан бөлек өнеркәсіп индустриясының өкілдері мен қала тұрғындары да бар.

— Tugan Qala тұрғындардың өздері тұрып жатқан қалаларды жақсы жаққа өзгертуіне септесіп, нақты қолайлы құралдар мен ашық, айқын іріктейтін жүйе ұсынды. Бастама жүректен шығып, жүрекке жетті. Жыл сайын келіп түсетін ұсыныс санының үздіксіз артып келе жатқаны соның айқын дәлелі. Бізді бастамалардың саласы да жақсарып келе жатқаны шын қуантады, — дейді әлеуметтік технологияларды дамыту қауымдастығының вице-президенті Сәния Арапова.

Қалалық жағажайдағы воркаут-аланы, тренажерлары орнатылған спорт аланы, автотұрақ пен футбол алаңын салу бастамаларын Лисаков тұрғындары қызу қолдап, дауыс берген.

Форумға қатысушылар Tugan Qala жобаларының нақты нәтижелерінен бөлек, өз идеясын жетілдіріп, нақты нысан ретінде іске асырған бастама авторлары — жекелеген адамдармен кеңінен танысып, бұл жолды өздері де еңсере аларын анық білді. Ынта мен ықылас болса, қалаға пайданды тигізіп, ажарын ашу әркімнің қолынан келетін іс.

Көптеген мәдениеттік, әлеуметтік жобалар бой көтерді. Солардың ішінде спорттық жобаларды да айта кеткеніміз жөн. Рудный қаласының тумасы Демина Елена өзінің жетістікке, спорттық қызығушылыққа баулитын тауға өрмелеу жобасын ұсынды.

—Токсаныншы жылдары көптеген мектеп пен балабақша бос қалып, қанырап қалған ғимараттар жасөспірімдер үшін қызық орынға айналғаны рас. Сол ғимараттардың қабырғалары спортшылардың алғашқы жаттығу алаңы болды десем сенесіздер ме?! Өрмелеумен айналысқан жастар бос тұрған кірпіштер мен қабырғаларды спорттық максатта пайдаланып, тіпті өзара жарыстар да ұйымдастырды. 2000 жылдардан бастап еліміздің Алматы, Шымкент, Астана қалаларында алғашқы жасанды өрмелеу қабырғалары салына бастады. Олар фанерадан жасалып, әртүрлі қиындықтағы трассаларды сынауға мүмкіндік берді. Дегенмен табиғи жартас техникасынан айырмашылығы болғандықтан, жергілікті спортшылар біраз уақыт артта қалып жүрді.

Лисаков тұрғындары туған жердің дамуына серпін беретін бастамаларға куә болды. Форум барысында қатысушылар еліміздің өзге монокалаларында із қалдырған азаматтардың өнегелі істерімен танысып, туризмді дамыту бағытында атқарылып жатқан шаралардан хабардар болды.

Қаланың көркін арттыруға үлес қосып жүрген азаматтардың идеялары бүгінде тек Лисаковтың ғана емес, басқа да өңірлердің игілігіне жарап отыр.

Форум аясында бірқатар шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Соның ішінде «Әлеуметтік желілердің бизнеске жәрдемі: сатылым мен ілгерілету» тақырыбындағы дәріс кәсіпін ашуды көзден жүргендер үшін ерекше пайдалы болды. Сондай-ақ «Күнделікті өмірде жасанды интелектің кенінен пайдалану» атты тренингке қызығушылар қатары көп болды. Заманауи технологияларды игеруге бағытталған бұл шара жастар тарапынан зор қолдау тапты.

Форум соңында «Туған қалам Лисаков» онлайн-байқауының жеңімпаздары марапатталып, бастама қатысушылардың көңілінен шықты.

Әсет ҚАЛИ
Астана—Лисаков—Астана

МӘНІ БӨЛЕК БАСТАМА



Жақында Қазақ киносының күніне орай Астанада кино индустрияға тың жаңалық сыйлаған Unico Play ұлттық стримингтік платформасының ресми тұсаукесері өтті. Astana Music Hall сахнасында өткен салтанатты іс-шараға кино және мәдениет саласының кәсіби мамандары қатысып, айрықша қуаныштың куәсі болды. Платформаның тұсаукесерін Uni-Q Group медиахолдингі ұйымдастырған. Компания осыдан дәл бір жыл бұрын құрылып, жұмысын бастаса, ал биыл ұлттық өнерді әлемге насихаттайтын цифрлық жоба дайындап отыр. Аз ғана уақыт ішінде ауыз толтырып айтарлықтай жетістікке жеткен жоба мамандарынан платформа жайында мағлұмат алдық.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Unico Play — еліміздегі алғашқы цифрлық ойын-сауықтың жаңа стандартын көрерменге ұсынған платформа. Платформа — қазақ өнеріндегі өткен мен бүгінді байланыстырып, болашақтың көшіне қадам басқан бірегей жоба. Оның атында да ғажап мән жатыр.

Онлайн кинотеатр алғашқы күннен-ақ көпке қолжетімділігімен ерекшеленді. Қосымшаны цифрлық құрылғыңызға орнатып, алғашқы бір айда тегін қолдануға болады. Көрермен 10 мың сағаттан аса контентке еркін қол жеткізе алады. Жүйені смартфон, теледидар, нотбук дейсіз бе, кез келген девайста пайдалануға мүмкіндік бар. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі интерфейс, 4K сапасы, офлайн режим, бес құрылғыға дейін бір жазылымнан қолдану мүмкіндігі және ЖИ технологиясына негізделген жүйе отандық өнімді әлемдік деңгейдегі сервистермен теңестіріп тұр.

— IT шешімдері тек сырттан келеді деп ойлауға үйренгенбіз. Unico Play мұның керісінше екенін дәлелдеді. Қазақстанда сапа мен мүмкіндіктер жағынан жаһандық жобалармен бәсекелесетін платформа құруға әбден болады. Әрине, ЖИ технологиясын әлі де жетілдіруіміз керек. Әлем бойынша 15 миллион адам ғана қазақ тілінде сөйлейді, сондықтан күннен-күнге қазақ тілінде сапалы контент жасауды дамыта береміз. Қазір платформадағы әрбір субтитр толықтай ЖИ технологиясы арқылы жасалған және қазақ тіліндегі туындыларды шет тіліне аударып жатырмыз, — дейді Unico Play жобасының басшысы Дияс Досмұханбет.

Д.Досмұханбеттің сөзінше, қазір ЖИ технологиясы толықтай жана сервиске енген. ЖИ көрермендердің қараған контентті талдап-саралап, жана материал ұсына алады. Тағы бір жаңалық — ЖИ дубляж технологиясы. Қазір платформа актерлардың эмоциясын сақтай отыра қазақ фильмін ағылшын, испан, қытай, түрік, көріс сынды оннан астам шет тілінде ұсына алады.

— Анамның құрбысы Германияда жұмыс істейді. Бірде ол «Қазақ кинолары шетелдік әріптестеріме, құрбы-құрдастарыма көрсеткім келеді, бірақ нәліктен субтитр, шет тіліне дейбастау мүмкіндігі атымен жоқ?» деп сұраған еді. Бұл ойды іске асыру керегін, қазақ тіліндегі контентті әлемнің қай күресінен де тамашалауға мүмкіндік беру керегін команда келіп айттым. Біз өзге платформаларға зерттеу жасап, технологияларды менгеріп, өз жобамызды дайындап, дамытып жатырмыз. Жыл соңына дейін

платформада қазақ классикасының 100-ден аса киносы әлемнің 10 тілінде жарияланатын болады, — дейді Д.Досмұханбет.

Расында да, таныстырылымға келген қонақтар ЖИ технологиясының озық үлгілері арқылы түрлі тілге дыбысталған «Менің атым Қожа» фильмін көріп, тантамаша болды. Қазір компания қызметкерлері ЖИ технологиясын жетілдірумен қатар платформаға липсинк технологиясын енгізуді қолға алған. Дияс мырзаның айтуынша, компания міндетінің бірі — интернеттегі пираттарға қарсы күрес, креаторлардың құқығын қорғау, YouTube, Telegram, Instagram сынды танымал желілерде заңсыз тарап жатқан контентті жоюмен айналысу. Компания мамандары жыл басынан бері пираттық контентті бар 600 миллионнан астам трафикті бұғаттаған.

Мұнымен қатар платформада биыл 6 түпнұсқа сериал көрсетілмек, тағы 23 жоба өндірісте тұр. Қосымшаның тұсаукесеріне орай, Unico Play-де «Қара Бекіре» драмасының премьерасы өтті. Кинотуынды Каспий теңізінен құтқару және оның экожүйесін қалпына келтірудің өзекті мәселесімен тығыз байланысты. Бұдан бөлек, Unico Play қорында қазақ тіліндегі әлемдік премьералар, танымал түрік және көріс сериалдары, отандық кино классикасы,

жүзден астам телеарна, спорттық хабарлар мен қазақ тіліндегі балаларға арналған ең үлкен топтама бар. Енді қазақ баласы әлемнің үздік анимациялық туындыларын ана тілінде де тамашалай алады.

— Біз анимация саласында тек аударумен айналыспаймыз. Мысалы, танымал Lady bag мультхикаясын қазақ тіліне бейімдеп аударып қоймай, музыкалық шығармаларды қазақ әртістерінің орындауында ұсынып отырмыз. Осы күзде «Өрмекші адам» анимациялық фильмі жарыққа шығады, бұл жобаны Sony компаниясымен бірлесіп атқарып жатырмыз. ИК және 91 тобымен де жұмыс істедік, — дейді жоба басшысы.

Жоба ісіне AINA сандық форматтар зертханасы және жас авторларға арналған Shabyt Lab қолдау бағдарламасы да кіреді. Осылайша, компания жас режиссерлардың шығармашылық жұмысын қолдауды мақсат еткен. Шабыт зертханасына бүгінге дейін үміткер режиссерлардан 663 өтінім келіп түскен, ал финалистер желтоқсан айына дейін премьерға дайындалып жатыр. Бір айтарлығы, платформаны дамытуға «Дара» Президенттік бастамалар қоры мен өзге де жеке инвесторлар белсенді қолдау көрсеткен. Қоғам және бизнес тарапынан сенімге ие болған жобаның өміршен боларына үмітіміз зор.




АЙМАҚ

ДАМУ

САННАН САПАҒА
КӨШЕТІН СӘТ ЖЕТТІ

Қызылорда – еліміздегі орталықтандырылған ыстық су жүйесі жоқ жалғыз қала. Соның салдарынан тұрғындар ұзақ жылдар бойына су жылытқыш құрылғымен жан бағуға мәжбүр болып жүр. Талай жыл халықтың талап-тілегі жергілікті әкімдік тарапынан қолдау таппай, олқылықтың орнын толтыру үшін қыруар қаржы қажеттігі айтылумен шектелді.



Елнұр ҚАБА (қолдау)

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жалпы дерекке сәйкес, Қызылорда қаласы кеңестік кезеңде өзге өңірлер секілді ыстық судың игілігін көріп келді. Ол уақытта көпқабатты үйлердің құбырынан ыстық су сарылдап ағып тұрды. Бұл жайында көзкөргендер әлі күнге дейін аңыз қылып айтып отырады.

«90-жылдарға дейін Қызылорда қаласында орталықтандырылған ыстық су жүйесі жұмыс істеп тұрды. Бізге белгілісі, сол уақытта қаладағы «Запад» шағынауданы мен қазіргі «Универсам», «Болашақ» аумағындағы жаңадан салынған тұрғын үйлерге ыстық су келіп тұрды. Яғни, қала 100 пайыз ыстық сумен қамтамасыз етілмегенімен, ішінара болса да жабдықталғанын білеміз. Тәуелсіздік алған кезден бастап сол кездегі орталықтандырылған ыстық су жүйесінің жұмысы тоқырай бастады. Уақыт өте келе ыстық су берілу мүлде тоқтады. Содан бермен қарай халық ыстық суды пайдаланудың түрлі тәсілімен күн кешіп келеді», — деп еске алады бұл жайында қала тұрғыны Сапар Ерімбетов.

Мамандар пікірінше, 90-жылдардың тоқырау кезеңінде ыстық су жүйесін ұстап қалуға

қаржы тапшылығы қолбайлау болғанын алға тартады. Соның салдарынан қаланың бірқатар аумағына ыстық судың берілуі кезең-кезеңімен шектеліп, кейіннен мүлдем тоқтатылған. Содан бері бұл Сыр халқына арманға айналды.

Соған орай жалпы құны 26,2 млрд теңгеге бағаланған бірегей жобаны жүзеге асыру екі кезеңге жоспарланғаны айтыла бастады. Соның негізінде бірінші кезең бойынша 2024 жылы 185 үйге жабдықтау жұмыстары жүргізілсе, 2025 жылғы екінші кезеңде 250 үй орталықтандырылған ыстық суға қосылу көзделіп отырғаны айтылды. Тиісті жұмыстарды сапалы жүзеге асыруға міндетті операторы ретінде «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы бекітілді. Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесінде «Мелиоратор», «BSG инженеринг» ЖШС және «Көкшетау гидрогеология» АҚ жеңімпаз мердігерлер деп танылған. Бұл Сыр халқының көпжылғы арманының ақиқатқа айналар сәті таяғанын аңғартқандай болды.

Негізінен, аталмыш жобаға облыс әкімінің ұсынысымен, Мемлекет басшысының қолдауымен бытыр Үкімет резервінен 11 млрд теңге бөлінгені мәлім. Соның нәтижесінде жоспарлы жұмыстардың алғашқы кезеңін жүзеге асыруда бірқатар тұрғын үйдің өңірлері судан тазар-

тылып, кептіріліп, тиісті құбырлар тартылған. Бұдан бөлек, пәтерлерге есептегіш құралдар мен тіреуіштер орнатылғаны айтылды.

«2024 жылдан бастап қаламыздағы 185 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су жеткізу жұмысы қолға алынған болатын. Бүгінде қаламыздың сол жақ жағалаудағы 5 көпқабатты үй мен Астана-1 шағынауданындағы 13 көпқабатты үйге, С.Бейбарыс көшесінің бойындағы 9 үйге және Тасбөгет кентіндегі 5 үйге ыстық су берілді. Сондай-ақ Олжада, Автовокзал мен Универсам аумағында 34 үйге, Шұғыла шағынауданындағы 49 үйге және №5 оқу ғимараты маңындағы (КИАП) 6 үйге және Сырдария шағынауданындағы 19 үйге де ыстық су толық іске қосылды. Нәтижесінде, нақты уақытта қаладағы 140 үй тұрғындары ыстық судың игілігін көріп отыр», — деп түсіндірді бұл жайында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының «Ыстық сумен жабдықтау» басқармасының бас менеджері Оңғар Наят.

Осы ретте, бытырға жоспарланған 185 үйдің бір бөлігінде әлі де ыстық сумен жабдықтау жұмыстары толық аяқталмағаны мәлім болды. Алайда оған алаңдауға еш негіз жоқ екенін алға тартады. Өз кезегінде қалған үйлерге ыстық су жақын күндері қосылатынына сендірді.

«Өздеріңізге белгілі, аталмыш жұмыстарға бытыр Үкімет резервінен 11 млрд теңге бөлінді. Соның негізінде қалған 45 көпқабатты тұрғын үй жұмыс аралда толығымен ыстық суға қосылатын болады. Қазір барлық үйдің өңірлеріне құбырлар толығымен тартылды. Ендігі кезекте тек пәтерлерге есептегіш құралдар мен тіреуіштер орнату жұмыстары жасалатын болады», — делі өз сөзінде аталмыш басқарманың бас менеджері.

Мамандар пікіріне сүйенсек, біріншіден, ыстық су жүйесі электрлі су ысытқыш құрылғыларына (Аристон) қарағанда едәуір тиімді. Тұрғындарға ай сайынғы төлем шығыны азаятынын алға тартады. Яғни, электрлі су ысытқыш құрылғысына кететін шығынға қарағанда ыстық су жүйесінен 60 пайыздан астам қаржысын үнемдейтінін айтады. Екіншіден, ыстық су желісіне қосылу әрбір тұрғынның өз еркінде. Орнату жұмыстары тегін жүргізіліп жатқанын да жеткізді. Ең бастысы, ыстық су желісін жүргізуге жоғары сапалы материалдар, еуропалық өндірушілердің жабдықтары қолданылып жатқанын мәлімдеді.

Дей тұрғанмен, халық тарапынан аталмыш жобаға қатысты сын-ескертпелер сирек те болса естіліп қалып жатады. Соның ішінде ыстық судың игілігін алғашқылардың бірі болып сезінген қаланың сол жағалауының тұрғындары баязынан жеткізді. Халықтың пікіріне сүйенсек, қазір аталмыш шағынауданға ыстық су беру тоқтатылған. Мұны мамандар жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының жүргізілуімен байланыстырып отырғанын алға тартады. Сонымен қатар кейбір тұрғындар өңірлеріне қойылған сорғыларының жылға жетпей істен шығып жатқанын қынжылыспен жеткізді. Бұл тұрғындардың ыстық су жүйесінің жабдықтары мен жұмыс сапасына деген сеніміне селкеу түсіріп тұр.

Жалпы, 30 жылдан астам уақыт Сыр халқының арманына айналған ыстық су жүйесін жүргізу жұмыстарының жауапкершілік жүгі ауыр. Тұрғындар санға емес, сапаға көңіл бөлінесе деген пікірде. Сондықтан да тиісті жұмыстардың тыңғылықты жүргізілуі қатаң сұранып тұр.

ЭКОСАНА

Шымкент қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жалпы қалалық сенбілік ұйымдастырылды. Шараға қала әкімдігінің басқармалары, құрылымдық бөлімдер мен мәдениет, әлеуметтік сала қызметкерлері және қала тұрғындары белсене қатысты. Қаланың тазалығын сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тұрғындарды қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға шақыру мақсаты еткен іс-шараға шымкенттіктер жұмыла кірісті.



ШЫМКЕНТТЕ
ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ
СЕНБІЛІК ӨТТІ

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Сенбілікке қалалық Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы және оған қарасты мекемелердің 2000-ға жуық қызметкері шықты. Олар Сырым батыр көшесі бойын тұрмыстық қалдықтан тазалап, 13 арнайы техниканың көмегімен 28 тонна қоқыс шығарды. Сонымен бірге 900 адамдық флеш-моб ұйымдастырылып, қала тұрғындарына экологиялық үндеу жолданды. Шараға танымал өнер қайраткерлерінің қатысуы тазалық жұмыстарына ерекше серпін берді.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының 80-нен астам маманы «Достық» шағынауданында сенбілік өткізді. Ақбұлақ әулие, Хан ордасы және Сыпыра



жырау көшелерінің бойы тұрмыстық қалдықтан тазартылып, шамамен 6 тонна қоқыс арнайы көліктерге тиіп өкетілді.

Іс-шараға Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарманың қызметкерлері де қатысып, Еңбекші ауданындағы көпқабатты үйлер ауаларын коқыстан тазартып, жасыл желектерді күтіп-бап-

ТЫНЫС

ҚАУІПСІЗ ОРТАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ



Биыл Мемлекет басшысы бірқатар нормативтік актілерге өзгерістер енгізу туралы заңға қол қойды. Соның ішінде «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заңға енгізілген жаңа түзету қоғамда үлкен қызығушылық тудырды. Алматы облысы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Әбдінұр Тасыбаев жаңа нормалардың мәні мен мақсатын түсіндіріп берді.

Көктем ҚАРҚЫН

Оның айтуынша, құқық қорғау органдары ең алдымен халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бұл өзгерістің қоғамдық мүддеге сай екенін жеткізбек. Полицияның басты ұстанымы — тұрғындармен сенімді қарым-қатынас орнатып, қауіпсіз ортаны қалыптастыру.

— Жаңа талаптың негізгі мақсаты — қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бейнебақылау жүйелері арқылы тұлғаны тануды жеңілдету. Бұл өзгеріс құқық қорғау органдары үшін қылмыстың алдын алуда және қылмыскерлерді анықтауда тиімді құрал болмақ. Алайда заңда бұл талаптан тыс жағдайлар нақты көрсетілген. Медициналық қажеттілік туындағанда қолайсыз ауа райында (мысалы, шанды боран, қатты суық), сондай-ақ қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындау кезінде бетті жабуға рұқсат етіледі. Бұл, әсіресе құқық қорғау органдары мен арнайы қызмет мамандарына қатысты, — дейді Әбдінұр Тасыбаев.

Сонымен қатар діни сенімге байланысты киілетін хиджаб, шейла, химар сияқты бет-әлпетті жаппайтын баскиімдерге бұл шектеу қолданылмайды. Бұл норма діни еркіндікке

нұқсан келтірмей, тек қауіпсіздікке қатысты мәселелерді реттеуге бағытталған. Заңда бұл ереже профилактикалық сипатқа ие деп көрсетілген. Яғни, бастапқыда басты назар түсіндіру жұмыстарына аударылады. Әкімшілік немесе қылмыстық жаза қолдану көзделмеген, заңнаманың өзге баптарына өзгерістер енгізілмейді.

Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі жаңа нормалардың мәні мен маңызы туралы түсіндірді. Заң жобасы халыққа барынша жақын әрі профилактика қаласында нақты өкілеттіктер берілген жергілікті атқарушы органдардың негізгі рөлін айқындайды. Барлық деңгейдегі әкімдер халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарымен, жастармен, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылармен жұмысты ұйымдастырады. Мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіруді қамтамасыз етеді және құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар құрамын бекітеді.

ЗАҢ ЖОБАСЫ ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН

Сондай-ақ қылмыстың алдын алуға да баса назар аударылады. Осы мақсатта профилактикалық субъектілердің саны 13-тен

26-ға дейін екі есе ұлғайтылды (тізім отбасын қолдау орталықтарымен, жастармен жұмыс жөніндегі орталықтармен және басқалармен толықтырылды) және олардың жауапкершілік саласы нақтыланды. Енді барлық мемлекеттік органға профилактикалық шаралары, оның ішінде әлеуметтік бейімдеу мен оналтууды, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық жұмысты, халықпен өзара байланыс құқығы берілді.

Үкімет жыл сайын елдегі қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы Ұлттық баяндама дайындап, Мемлекет басшысына ұсынатын болады. Онда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі бағаланады, сондай-ақ алдын алу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі. Бұл құқықбұзушылықтардың жасалу себептері мен шарттарын жою жөніндегі іс-әрекеттерді үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Жалпы, профилактика аясында халық арасында заңға бағыну тәртібін қалыптастыруға бағытталған ауқымды идеологиялық жұмыстар жүргізіледі. Профилактика саласындағы еліміздің даму стратегиясы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары арқылы жасалатын болады. Бұл ретте азаматтарды профилактика қаласына тарту тетіктері қайта қаралған. Енді барлық құқық қорғау органына қоғамдық тәртіпті сақтау үшін қоғамдық көмекшілерді жұмысқа алу құқығы беріледі. Көмекшілердің қатысуы аясы көшелерді патрульдеуден құқықтық насихатты ұйымдастыруға және консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына қатысуға дейін кеңейтіледі. Олардың ең белсендісі марапатталды.

Сонымен қатар жеке профилактикалық іс-шаралар күшейтіліп, жаңа түрлерімен толықтырылады. Мысалы, ресми ескертулер, қиын өмірлік жағдайдағы адамдар мен отбасыларды есепке алу, көңіл бөлуі қажет ететін көмектесітпеуші педагогикалық қолдау көрсету және жақындауға тыйым салу. Сондай-ақ заң жобасында босаңдағындар анықталғандарына босатылған адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау жүргізу ұсынылады. Әлеуметтік оналту олардың дұрыс жолға түсуіне көмектеседі. Экономикалық құқықбұзушылық жасаған тұлғалармен бөлек жұмыс жүргізіледі. Олардың тізімі көпшілікке қолжетімді болады.

— Ал балалардың қараусыз, панасыз қалуы, тұрмыстық зорлық-зомбылық,



сондай-ақ мас күйінде және қоғамдық орындарда жасалған құқықбұзушылықтар үшін арнайы профилактикалық шаралар енгізіледі. Оларға қоғамға жат мінез-құлық немесе қылмыстар жиі байқалатын аумақтарды бақылау, халықты жеке қақтығыстарды шешу және өзін-өзі қорғау әдістеріне үйрету, құрбандарды анықтау және қорғау, сенім телефондары мен веб-сайттарды ұйымдастыру кіреді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулер аясында заңсыз контент орналас-тырғаны және таратқаны үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың құқықбұзушылықтарды жасау себептерін жою жөніндегі нұсқамаларын «зұлымдықпен» орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді, — делі Әбдінұр Тасыбаев.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ
РЕЙДТЕР ЖҮРГІЗУДЕ

Алматы облысында «Учаске» жедел алдын алу іс-шарасы аясында тәртіп сақшылары қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында профилактикалық рейдтер жүргізуде. Іс-шара барысында тұрғын үй бойынша тіркеу ережелерін бұзу деректері анықталып, заңға сәйкес тиісті шаралар қабылданды. Сонымен бірге полициялық тұрғындармен кездесіп, абаттандыру мәселелерін түсіндіріп, қоғамдық орындарда да, аула мен іргелес аумақтарда да тәртіп сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Ерекше назар саяжай алқаптарындағы ауаларды аралауға аударылды. Бұл ретте полиция қызметкерлері тұрғын үйлерді тексеріп, тұрғындарға жеке қауіпсіздік шараларын сақтау және ұрлықтың алдын алу жолдары туралы ескертті. Полиция өкілдерінің айтуынша, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын жүзеге асыру ашықтық, алдын алу және халықпен өзара сенімді диалог қағидаттарына негізделген. «Учаске» жедел алдын алу іс-шарасының басты мақсаты — азаматтардың

қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау және қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру.

Ал Тағар ауданының полициялары да құқықтық тәртіпті нығайтуға және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «Учаске» жедел алдын алу іс-шарасына қатысты. Жедел алдын алудың мақсаты — азаматтарға жақын болып, жергілікті жерлердегі мәселелерді дер кезінде анықтап, шешу, сондай-ақ құқықбұзушылықты болдырмау. Шара барысында учаскелік инспекторлар бекітілген аумақтарды аралап, тұрғындармен кездесулер өткізуде, қолданыстағы заң нормаларын түсіндіріп, жеке және қоғамдық қауіпсіздік шаралары жөнінде ақпарат беруде. Сонымен қатар қолайсыз отбасылардың, профилактикалық есепте тұрған тұлғалардың жағдайы тексеріліп, тұрмыстық зорлық-зомбылық пен өзге де құқықбұзушылықтарды анықтау және жолын кесу шаралары қабылдануда. Полиция басшылығы мұндай іс-шаралар құқық қорғау органдары мен азаматтар арасында сенімді диалог орнатуға, сондай-ақ қылмыстың алдын алу деңгейін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Полиция департаменті өкілдерінің айтуынша, басты мақсат — азаматтарға құқықтық мәдениетті түсіндіру және қауіпсіз өмір салтын насихаттау. Полициялар тұрғындарға заң нормаларын түсіндіріп қана қоймай, құқықбұзушылыққа тап болған жағдайда қайда және қалай жүгіну керекті туралы нақты кеңестер береді.

Сонымен қатар учаскелік инспекторлар мен мектеп инспекторлары оқушылар мен ата-аналарға арнап жеке кездесулер өткізіп, интернет қауіпсіздігі мен көмектесітпеуші мамандар арасындағы құқықбұзушылықтың салдары жайында түсіндірді.

Жаңа заңды іске асыру аясында мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасады. Полиция өкілдері қоғамда құқықбұзушылыққа мүлде төзбеушілік қағидасын қалыптастыру баршаның ортақ міндеті екенін атап өтті.

ДОДА

16 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ



Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

4-14 қыркүйек аралығында Англияның Ливерпуль қаласында бокстан әлем чемпионаты өтті. Бұл – World Boxing ұйымы өткізген алғашқы біріншілік. Байрақты бөсекеде ел құрамасы жеті алтын, бір күміс, екі қола медаль еншіледі. Ерлер арасынан 20 жылдан соң Сәпиевтің жолын жалғап, екі дүркін әлем чемпионы атанғандар бар. Бір үйден екі бірдей чемпион шығып, қазақтар Англия аспанында қазақтың әнұранын бірнеше рет қалықтатқан жарыс болды.

ТАРИХ КАБИНЕТІНДЕ «ЖАЗЫЛҒАН» ТАРИХ

Иә, 55 келі салмақта өнер көрсеткен Махмұд Сабырхан мен 70 келіде бак сынаған Төрехан Сабырхан – ағалы-інілі чемпиондар. Әуелден шаршы топта шаң қаптырмайтын Махмұд білгенінен жаңылмай, кара үзіп шықты. Бірде бір жекпе-жегінде күнін төрешіге «қаратқан» жок. 1/16 финалда Бриан Ортисді 5:0 есебімен жеңсе, 1/8 финалда Башким Бажокуды нокаутқа жіберді. Ширек финалда жапон Риу Ямагучиді де айқын жеңсе, жартылай финалда қытайлық Чуанг Луиге қола жүлдесін «табыстады». Ал финалда испан мықтысы Лозано Серраномен айкасып, бет қаратқан жок. Осылайша, екі рет әлем чемпионы атанған үшінші қазақ болып тарихқа енді. Бұған дейін 2023 жылы Ташкентте өткен ӘЧ-де әнұранды әулеткен-ді.

Ағасының жолын жалғаған Төрехан Сабырхан нағыз жас қабылан екенін дәлелдеді. Рингке ойнақтап, қарсыластың ығырын шығарып, сауатты тосқауыл қоя білді. Жанкүйер осындай бокс мәнеріне шөліккеп жүрген еді. Шоу да, соккы да, ашық айкас та бар. Бастысы, «мұрыннан қан кеткенше» беріспейтінін көрсетті. Мұндайда төрешіге де сұрақ қалмасы анық. 19 жасында әлем чемпионатын бағындырып, ең жас чемпион атанды. Қос Сабырханның бапкері Лияс Оралбеков көзіне жас алып, жігіттер үшін шын қуанды. Ағасы да інісін финалдағы тартыстан кейін аяғын жерге тигізбей мойнына мінгізіп, даңқты жеңісімен құттықтады. Расымен, бұл – қазақ бокс мектебінің жеңісі, бұларды баптаған Оралбеков ағайдың жеңісі. Өйткені марапаттау рәсімінен соң Төрехан «тарих кабинетінде басталған жолды тарихпен түйістіретінін» айтқан. Сөйтсек, қос батыр Матас ауылындағы №119 мектептің бокс залында жаттығуды бастаған. Ал бұл кабинет алғашында тарих пәніне арналған. Кейіннен мектепте боксқа қызығатындар көбейген соң, бокс залына айналып шыға келген. Мүмкін қалталы азаматтар осындай чемпиондар шыққан өңірге заманауи спортзалын салып берер...

ШЫН МЫҚТЫҒА ШАРШЫ АЛАНДА ТҰСАУ ЖОҚ

Бұл теңеу дәл Санжар Тәшкенбайға арналған сынаулы. 48 келіде боксатасын өрен

қарсыластарын шыбын шаққан құрлы көрмеді. Төпелеген үстіне төпелеп, қарқынын үдете түсті. Аланда «ой аузынан шөп алмас» Санжар жок. Бейнебір ұстаған анды жайдан жай жібермейтін қыран ба дерсіз. Көз ілеспес қимыл, дәл соккы, физикалық күші де мығым. Қарсыласының әудем жерден қимылын оқып, қарсы соккысы дайын тұрды. Өзі де финалдан соң сұхбатында жеке бапкерлері жаттығу жиынынан бастап, қарсыластарға сараптама жасап, осы салмақтағы үздік төрт боксшыға тактикалық тұзақ құрған. Дайындық текке кетпей, Тәшкенбай ерлер арасында 20 жылдан соң екі дүркін әлем чемпионаты атанған екінші қазақ атанды. Есте болса, 2005, 2007 жылы Серік Сәпиев туды тұғырдан түсірмеді.

АСА АУЫР САЛМАҚТАҒЫ ТҰҢҒЫШ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

+90 келіде сыңға түскен Айбек Оралбай атой салды. Осы салмақтағы кәнігі қарсыласы Жахонгир Зокировпен кездесті. Біле білсеңіз, бұлар бір жылдың ішінде үш мәрте жолықты.



Тартысқа толы айкаста Айбек барын салып, үшінші раундта жекпе-жектің тағдырын шешіп кетті. 3:2 есебімен аса ауыр салмақта чемпион атанған тұңғыш боксшы атанды. Ал 1/8 финалда Мучахит Илиясті 5:0 есебімен, ¼ финалда Лука Прагичачичті 5:0 есебімен, жартылай ыналда Хулио Сесар Ла Крусты 3:2 есебімен тізе бүктірді. Жалпы, бұл салмақтағы әлем чемпионатында 1999 жылы Мұхтархан Ділдәбеков күміс алса, 2011, 2013, 2015 жылдары Иван Дычко бір қола мен екі күміс иеленді. 2017, 2019 жылдары Қамшыбек Қонқабаев күміс медаль еншіледі. Бокс жанкүйерлері бұл салмақтағы белес Іргебаев пен Мырсатаевқа да, Дычко мен Қонқабаевқа да бұйырмағанын біледі. Сол үшін Айбек Оралбайдың жеңісінің құны басқа.

«Финалға шыққан төрт боксшы өзара келісіп, бір-бірімізге мотивация беріп, чемпион болуға уағдаластық. Оның үстіне, жекпе-жектің алдында ағайларым өзбектермен ұпайдың тең екенін, егер жеңсем, жалпыкомандалық есепте алға шығарымды айтты. Бұл да маған мотивация болды. Жанкүйер қолдауды сездім, барымды салуға тырыстым. Бүгінгі күн ертенгі тарих дейтіндей, аса ауыр салмақтағы тұңғыш әлем чемпионы

атандым. Жеңіс онайға түсті дей алмаймын. Салмағым 100 келі екені тағы бар. 115-120 келі тартатын қарсыластар кезікті. Иә, босансуға орын жок. Олимпиада алтыны жетіспейді. Сол жолда тер төгіп, барынша еңбек етемін», — деді ұлттық құрама капитаны Айбек Оралбай.

ҚЫЗДАР ЕРЛЕГЕН ЖЫЛ

Басқа-басқа, бұл бөсекеде қыздардың еңбегі атан түйеге жүк. Олар бір жылдың ішінде екі әлем чемпионатына, Астанадағы Әлем кубогына қатысты. Жүлдесіз қайтқан жок. Еліміздегі әйелдер боксының деңгейін көрсетіп, жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды. Қыздар үш алтын, бір күміс, екі қола медаль еншіледі. Соның ішінде 51 келідегі Алуа Балқыбекова мен 65 келіде топ жарған Аида Әбікеева екі мәрте әлем чемпионы атанды. Екеуі де шаршы аланда қарсыласын ашық айкасқа шақырып, қосарлап ұрудан мастер-класс көрсетті. Екі қыздың бокс мәнеріне танданбағандар кем де кем. Ал 70 келіде ел үмітін арқалаған Наталья Богданова нағыз сауатты боксшы екенін дәлелдеді. Жанкүйердің өзі «Богданованың мынадай соккыға төтеп берген қарсыласы да ер екен» десті. Өйткені құлаштап ұрып, тоспа соккыны да шебер орындап, ұласпалы соккыны да көрсетті. Бак пен бабы қатар шауып, осы салмақта алтын алған алғашқы боксшы ретінде тарихқа енді. Аталған үш салмақта олимпиада бағдарламасындағы салмақ екенін ескерсек, қыздар жарап тұр. 48 келіде өнер көрсеткен Назым Қызайбай карьерасындағы төртінші Әлем чемпионатынан жүлдесіз қайтпады. Спорт журналисі Аслан Каженов айтқандай, түрік төрешісі бұра тартпағанда төртінші мәрте бұл биікті бағындырар еді. Десе де, бір өзі әлем чемпионаты мен олимпиадалан алты медаль еншілеп отыр. Әзірге, қазақ боксының тарихында мұндайды ешкім қайталаған жок. Жас жүйріктер Виктория Графеева (60 келі) мен Елдана Тәліпова (80 келі) қола медаль еншіледі. Екеуі де болашағынан үміт күттірер саңлақ екенін көрсетті.

БӘРІ ЖАҚСЫ, ДЕГЕНМЕН...

«Төрешілер жүйесі әлі нық жолға түскен жок. Жаңадан құрылған ұйымның алғашқы біріншілігі болған соң олқылық болатыны заңды. Тек Қазақстанның емес, басқа елдің спортшылары да төреші тарапынан зардап шегіп жатқанын көрдік. Әрине, Карина Ибрагимова (57 келі) мен Ертуған Зейнуллиновтің (65 келі) іріктеу кезеңіндегі жеңісі ұрланды деп есептеймін. Назым Қызайбайдың да жеңісіне қастандық жасалды ма деп ойлаймын. Тек бір ғана түрік төрешісі Назымға қарсы ұпай берді. Сол рөл ойына кетті. Өкінішке қарай, бұл жарыста төрешілерге протест берілмейді әрі төреші шешімі қайта қаралмайды. World Boxing ұйымы жарыс басталмай тұрып сондай талаптарын жеткізді. Ал Бекзад Нұрдәулетов (85 келі) пен Нұрбек Оралбайға (80 келі) қатысты сын орынды деп ойлаймын. Екі боксшыны Америкаға жіберіп, олар екі ай бойы сонда шынықты. Алайда үміт ақталмады. Сағындық Тоғамбай (90 келі), Сабыржан Аққалықовтың (75 келі) да жекпе-жегі көңілден шықпады. Артынан ізін басып келе жатқан жастар бар, соларға мүмкіндік беріледі. Ұлттық құрама қайта жасакталады», — деді спорт журналисі Аслан Каженов.



Қош, ел құрамасы жалпыкомандалық есепте көш бастап, Өзбекстан мен Үндістанды артқа тастады. Ливерпульге жиналған жанкүйердің қолдауы бір басқа. Боксшылар дүбірді сезіп, қолдаудан күш бергенін атап өтті. Төрехан Сабырханның финалдан соң жанкүйерлерге амандасып, «өзіміз отырып шәй ішеміз» дегені тіпті керемет. Бокс федерациясының президенті Шахмұрат Мүтәліп те тоқмейілсмей, алдағы Азия мен Олимпиада ойындарына қызу дайындалатынын айтты. Бастысы, қазақтың мерейі тасып, 10 күнге ұласқан бокс тойын марка жамашалады.

ЕГДЕ ЖАСТЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде белсенді ұзақ өмір сүру және егде жастағы азаматтарға арналған білім беру саласын дамытуға арналған «Eurasian Silver Forum: белсенді қартаю және 50+ білім беру» атты ауқымды форум ұйымдастырылды. Бұл іс-шара Қазақстан мен халықаралық деңгейде «Күміс университеттер» қозғалысын нығайтуға, егде жастағы азаматтарға білім беру мәселелерін талқылауға арналған.



Форумға Қазақстанның жетекші сарапшылары мен университет өкілдері, сондай-ақ шетелдік мамандар қатысты. Қатысушылар «Күміс университеттерді» дамыту стратегиялары, егде жастағы азаматтарға білім беру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту тақырыптарында пікір алмасты.

Іс-шараның мақсаты — Қазақстандағы және әлемдегі «Күміс университеттердің» тәжірибесін жинақтау, тәжірибе алмасу, университеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту және Қазақстанның «Күміс университеттері» қауымдастығын халықаралық аренада таныту болды.

Форумды Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Ардак Бейсенбай жүргізді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, егде жастағы азаматтарды оқытатын университеттердің халықаралық қауымдастығы (The International Association of Universities of the Third Age — AIUTA) президенті, Тулуза университетінің профессоры Франсуа Веллас, сондай-ақ AIUTA баскарма мүшесі, Братислава Экономикалық университетінің профессоры Янка Себера Хладешка секілді мәртебелі қонақтар форум жұмысына белсене қатысты.

Форумға қатысушыларға арнаған құттықтау сөзінде ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдыков:

«Қазақстан қоғамы үшін егде жастағы азаматтарға арналған университет — салыстырмалы түрде жана құбылыс. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Күміс университеті» — үздіксіз білім беру мен мемлекеттік саясаттың үйлесімі аясында жүзеге асып отырған табысты ұлттық бастама. Бүгін біз Франсуа Велласты қарсы ала отырып, үздіксіз білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға маңызды қадам жасап отырмыз. Еуропа тәжірибесі мен Қазақстан бастамаларының үйлесуі «белсенді қартаю университетінің» бірегей моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Форумның пікірталастары жана идеялар мен практикалық іс-қимылдарға жол ашады деп сенемін», — деді.

Форум барысында Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ғылыми жұмыс және өңірмен байланыс жөніндегі проректоры Айгүл Жакыпова, Тулуза университетінің профессоры Франсуа Веллас — AIUTA қызметі туралы, профессор Янка Себера Хладешка — Братиславадағы егде жастағы азаматтарға арналған университет қызметі туралы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің халықаралық ынтымақтастық бөлімінің жетекшісі Еркеш Рахымжанов — «Ualikhanov University-дің Күміс университетіне — 5 жыл», Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің стратегиялық даму жөніндегі проректоры Ұлан Несіпқалиев 50+ жобалар бойынша тәжірибе алмасу және тұрақты даму мәселелері туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

Форумның нәтижесі ретінде егде жастағы адамдарға білім беру саласындағы халықаралық қауымдастық (AIUTA) пен Қазақстан университеттері арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісімге Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Семейдегі Шәкәрім атындағы университет, Павлодардағы Торайғыров университеті және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қатысты.

Осылайша, Eurasian Silver Forum Қазақстандағы «Күміс университеттер» қозғалысын халықаралық деңгейде дамытуға тың серпін беріп, белсенді қартаю мен білім берудің жана мүмкіндіктерін ашты.

Т. ҚАБЫЛ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4642
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,